

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ

(Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері арқылы енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен (2007 жылғы 23 сәуірдегі № 23, 2008 жылғы 21 ақпандағы № 24, 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 26, 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 29, 2012 жылғы 19 сәуірдегі № 30, 2012 жылғы 06 желтоқсандағы № 31, 2014 жылғы 05 желтоқсандағы № 35, 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 36, 2016 жылғы 22 сәуірдегі № 37, 2017 жылғы 21 сәуірдегі № 39, 2019 жылғы 18 сәуірдегі № 42, 2020 жылғы 22 мамырдағы № 43 хаттама))

1 – тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – Кодекс) «Қазақстан Халық жинақ банкі» акционерлік қоғамын (бұдан әрі – Банк) басқару процесінде қолданылатын негізгі стандарттар мен қағидаттарды, Директорлар кеңесі мен Басқарма, Банк акционерлері мен лауазымды тұлғалары арасындағы қатынастарды қоса алғанда, Банк органдарының қызмет етуі мен шешімдер қабылдауының тәртібін анықтайды.

2. Корпоративтік басқару стандарттарын қолданудың мақсаты - иелігіндегі акциялар санына қарамастан Банктің барлық акционерлерінің мүддесін қорғау болып табылады. Корпоративтік басқару бағалы қағаздар рыногына қатысушылар арасындағы, банк акционерлері арасындағы, оның органдары мен лауазымды тұлғалары арасындағы, сондай-ақ Банктің (оның органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің) үшінші тұлғалармен қарым-қатынасындағы жоғары деңгейдегі іскерлік әдептілікті қамтамасыз етуге бағытталған.

3. Осы Кодекс Қазақстан Республикасының заңнама ережелеріне, уәкілетті органның ұсыныстарына, Үлгілік (типтік) кодекске сәйкес, сондай-ақ акциялары халықаралық қор биржаларында бағаланатын корпоративтік басқару компанияларының тәжірибесін, этикалық нормаларды, ағымдағы даму кезеңіндегі Банк қызметінің нақты жағдайларын ескере отырып әзірленді.

4-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (22.05.2020 ж. № 43 хаттама).

4. Төменде келтірілген ұғымдар осы Кодексте мынадай мәнді иеленеді:

| | | |
|-----------------------|-----------|---|
| Директор | | Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі; |
| Корпоративтік басқару | | Банк Басқармасы, Директорлар кеңесі, акционерлер, басшы қызметкерлер мен аудиторлар арасындағы қарым-қатынастар, сондай-ақ Банктің уәкілетті алқалы органдары арасындағы қарым-қатынастар жүйесі. Корпоративтік басқару жүйесі өкілеттіктер мен жауапкершіліктің бөлінуін ұйымдастыруға, сондай-ақ корпоративтік шешімдер қабылдау процесін жасауға мүмкіндік береді. |
| Ақпаратты қағидалары | ашу | Банктің шешіміне сәйкес онда Банктің бағалы қағаздары саудасаттыққа жіберілген қазақстандық және/немесе халықаралық қор биржаларының ақпаратын ашу қағидалары; |
| Листинг қағидалары | | Банктің шешіміне сәйкес онда Банктің бағалы қағаздары саудасаттыққа жіберілген қазақстандық және/немесе халықаралық қор биржалары жариялаған листинг қағидалары; |
| Үлгілік кодекс | | Қазақстан эмитенттерінің кеңесі 2005 жылғы 21 ақпанда мақұлдаған Корпоративтік басқару кодексі; |
| Банктің алқалы органы | уәкілетті | Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесі жанындағы комитет, Басқарма, Басқарма жанындағы комитет. |

2-тарау. Корпоративтік басқару қағидаттары

5. Корпоративтік басқару қағидаттары – бұл бастау көздері, Банк оларды өзінің корпоративтік басқару жүйесін қалыптастыру, жүргізу және жетілдіру процесінде басшылыққа алады.

Банктің корпоративтік басқаруы ең алдымен оның барлық акционерлерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне негізделген және Банк қызметінің тиімділігін арттыруға, оның ішінде Банк активтерін өсіруге, жұмыс орындарын ашып, Банктің қаржылық орнықтылығы мен табыстылығын қолдауға бағытталған. Осы тарауда баяндалған корпоративтік басқару қағидаттары Банкті басқаруға байланысты туындайтын қарым-қатынаста сенім білдіруге бағытталған.

6-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес толықытру енгізілген (19.04.2012 ж. № 30 хаттама, 2019 жылғы 18 сәуірдегі №42 хаттама)

6. Бірінші қағидат. Акционерлердің Банкті басқаруға қатысу құқығын жүзеге асыру үшін нақты мүмкіндіктермен қамтамасыз ету.

Корпоративтік басқарудың осы қағидатын жүзеге асыру үшін Банк:

1) акцияларға меншік құқығын есепке алудың, сондай-ақ акционерге тиесілі акцияларды еркін және тез иеліктен алу мүмкіндіктерінің сенімді әрі тиімді жүйесін жасады. Банктің бағалы қағазын ұстаушылардың тізілімін жүргізуді **орталық депозитарий** жүзеге асырады;

2) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және өткізу тәртібін сақтайды, бұл акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы ақпаратты Банктің неғұрлым көп акционерлерінің назарына жеткізуге, акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге тиісінше дайындалуға, акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар адамдардың тізімімен танысуға мүмкіндік береді. Банк акционерлердің жалпы жиналысын өткізу орнын, күні мен уақытын акционерлердің осы жиналысқа қатысуға нақты, ауыртпалықсыз мүмкіндігі болып, Банкті басқаруға өз құқығын жүзеге асыра алатындай етіп белгілейді. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру мен өткізу тәртібі осы Кодекстің 3-тарауында анықталады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен бекітілген кандидаттарды Банктің директорлар кеңесіне сайлауға ұсыну талаптарын қамтамасыз етеді, сондай-ақ бұл акционердің өз кандидатурасын директорлыққа ұсыну тәртібінің реттемесіне сәйкес ұсыну мүмкіндігін қарастырады, директорлыққа кандидат ретінде ұсынылған тұлғалардың бірыңғай талаптарын белгілеуді, директорларды сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру тәртібін бұлжытпай сақтауды көздейді, бұл Банкті басқаруға ең алдымен акциялары аз ғана миноритарлық акционерлердің қатысу құқығын қамтамасыз ету кепілі болмақ. Директорлар кеңесін сайлау және оның қызметінің тәртібі осы Кодекстің 4-тарауында анықталған.

7-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес толықытру енгізілген (06.12.2012 ж. № 31 хаттама)

7. Екінші қағидат. Банк акционерлері үшін Банктің таза табысын бөлуге қатысудың шынайы мүмкіндігін жасау (дивиденд алу).

3. Корпоративтік басқарудың осы қағидатын жүзеге асыру үшін Банк:

1) акционерлер үшін дивиденд мөлшерін анықтау және оны төлеудің тәртібі жөнінде неғұрлым ашық әрі түсінікті тетік белгілейді, дивиденд алу тәртібін неғұрлым оңайлатып, жеңілдету үшін шаралар қабылдайды;

2) Банктің дивиденд төлеу жағдайы туралы акционерлерде нақты мағлұмат болу үшін оларға Банктің қаржылық нәтижелері бойынша білгісі келген ақпаратты ұсынады;

3) акционерлерге Банктің қаржылық есептемесімен және жылдық есептерімен танысуға қол жеткізу мүмкіндігін береді, бұл осы Кодекстің 7-тарауымен реттелген;

4) Банктің кінәсінен жарияланған дивиденд толық немесе уақытында төленбеген жағдайда Банктің лауазымды тұлғаларына қатысты заңнамалық актілермен және Банктің ішкі ережелерімен қарастырылған тәртіптік жаза қолданылады.

Жоғарыда аталған ережелер осы Кодекстің 9-тарауында және Банктің директорлар кеңесінің шешімімен бекітілетін Банктің дивидендтік саясатында көрсетілген.

8. Үшінші қағидат. Банк акционерлері мен инвесторларының негізделген шешім қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында Банк акционерлеріне Банктің қаржылық

жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, қызмет нәтижелері, Банкті басқару құрылымы туралы толық және шынайы ақпаратты уақытында әрі толық көлемде ұсыну.

Корпоративтік басқарудың осы қағидатын жүзеге асыру үшін Банк:

1) акционерлердің күн тәртібіндегі қандай да бір мәселе бойынша дұрыс (баламалы) түсінігі болу үшін акционерлердің жалпы жиналысына әзірлік кезінде акционерлерге күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша толыққанды ақпарат ұсынады;

2) акционерлерге берілетін жылдық есепке Банктің бір жылдағы қызметінің қорытындысын бағалауға мүмкіндік беретін қажетті ақпарат енгізеді;

3) Банк акционерлерінің өздерін қызықтырған ақпаратты алуы бойынша бірыңғай айқын әрі оңтайлы тәртіп орнатты;

4) конфиденциалды ақпараттың, коммерциялық және банк құпиясын құрайтын ақпараттың пайдаланылуына және ұсынылуына бақылау жасау тәртібін жүйелейді және сақтайды;

5) акционерлердің назарларына міндетті түрде жеткізілуге тиіс ақпаратты ашу жөнінде Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын және ақпаратты ашу ережесін орындайды;

Акционерлердің өздерін қызықтырған ақпаратты алу құқығын жүзеге асыру тәртібі, банктік және коммерциялық құпияға жататын ақпараттар тізбесі, сондай-ақ осындай ақпаратты алу тәртібі Банк Жарғысымен, осы Кодекстің 6-тарауымен, Банктің коммерциялық құпиясы, банк құпиясы және конфиденциалдық сипаттағы басқа да ақпарат туралы қағидамен реттеледі.

9. Төртінші қағидат. Барлық санаттағы Банк акционерлерімен тең қатынас жасауды қамтамасыз ету.

5. Корпоративтік басқарудың осы қағидатын жүзеге асыру үшін Банк:

1) Банктің, ең алдымен басшылықтың Банктің барлық санаттағы акционерлерімен тең қатынас жасау айқындамасын ұстанады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Банк Жарғысымен және осы Кодекспен белгіленген тәртіппен акционерлердің жалпы жиналысында шешімдер қабылдау арқылы барлық акционерлердің Банкті басқаруға қатысуы үшін қажетті жағдай жасайды;

3) осы Кодекстің 2-тарауында анықталған жалпы жиналысты шақыру және өткізу тәртібін жасады, бұл жиналысқа қатысушы барлық адамдарға өз пікірін айтып, білгісі келген сауалдарын қоюға мүмкіндік береді;

4) осы Кодекстің 5-тарауында анықталған елеулі корпоративтік әрекет жасау тәртібі бекітілді, бұл акционерлерге осындай әрекеттер туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік береді және акционердің санатына қарамастан құқығын сақтауды қамтамасыз етеді;

5) Банктің барлық акционерлерінің бірдей ақпарат алуы үшін тең мүмкіндіктер беру тәртібін бекітті, барлық санаттағы акционерлерге ақпарат ұсынудың бірыңғай тәртібін енгізді;

6) Банктің лауазымды тұлғаларын сайлаудың ашық рәсімін бекітті, бұл барлық акционерлерге осы адамдарға қатысты толық ақпарат беруді көздейді;

7) Банк органдары мен оның акционерлері арасында, сондай-ақ акционерлер арасында туындаған жанжал Банкке қатысты болса, оны реттеу үшін барлық мүмкін болатын шаралар қабылдайды.

Осы қағидатты жүзеге асыру тәртібін анықтайтын ережелер осы Кодексте көрініс тапқан.

3)-тармақша Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес редакцияда беріледі (21.02.2008ж. № 24, 21.04.2011 ж. № 29 хаттамалар)

10. Бесінші қағидат. Банктің лауазымды тұлғалары қызметінің барынша ашық болуын қамтамасыз ету.

Корпоративтік басқарудың осы қағидатын жүзеге асыру үшін Банк:

1) инсайдерлік ақпаратты пайдаланатын операцияларды жүзеге асыруға қатаң тыйым салуды қарастырады;

2) Банктің лауазымды тұлғаларының акционерлер алдында есеп берудің заңнамалық актілермен белгіленген тәртібін сақтайды;

3) бұл тұлғалар жөнінде қажетті ақпаратты барлық акционерлерге ұсынуды ескеретін Банктің Директорларын және Басқармасын сайлаудың айқын тәртібін әзірледі нақты алғанда, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес берілетін Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитетінің (бұдан әрі - Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет).

Банктің лауазымды тұлғаларын сайлау және оған қойылатын негізгі талаптар, Банктің лауазымды тұлғаларының есептемесі Жарғымен және Банктің ішкі ережелерімен реттеледі.

11-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (22.05.2020 ж. № 43 хаттама).

11. Алтыншы қағидат. Банк Директорлар кеңесінің қоғамның қызметін стратегиялық басқаруды және қоғамның атқарушы органының қызметіне тиімді бақылау жасауды қамтамасыз ету, сондай-ақ директорлардың акционерлерге есеп беруі.

Корпоративтік басқарудың бұл қағидатын жүзеге асыру үшін Банк:

1) Директорлар кеңесінің шешімімен Банк дамуының стратегиясын бекітті, сондай-ақ Банктің қаржы-шаруашылық қызметіне Директорлар кеңесі тарапынан тиімді бақылауды қамтамасыз етеді;

2) Банктің Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттар үшін талаптар белгіледі, соның негізінде Директорлар кеңесіне жүктелген функцияларды неғұрлым тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін директорларды сайлауға мүмкіндік болады;

3) Директорлардың Директорлар кеңесінің отырыстарына, тәртіптік мәселелерін нақты регламенттеп, белсене қатысуын қамтамасыз ететін тәртіп бекітті;

4) Директорлар кеңесінің комитеттерін құрады, олардың қызметіне стратегиялық жоспарлау, тәуекелдерді басқару, кадрлар және сыйақылар, ішкі аудит, әлеуметтік мәселелерді және Директорлар кеңесі бекітетін комитеттердің ережелеріне сәйкес Директорлар кеңесіне ұсыныстар ұсынатын басқа да мәселелерді қарастыру кіреді;

5) Директорлар кеңесінің құзырына жататын аса маңызды мәселелерді алдын ала қарастыру үшін комитеттер құруды көздейтін Директорлар кеңесінің құрамын жетілдіру бойынша шаралар қабылдайды;

6) Банктің Директорлар кеңесі алдында Басқарманың есеп беруінің тәртібін орнату арқылы Банк Басқармасының қызметіне тиімді бақылау жасау жөнінде шаралар қабылдайды.

Директорларды сайлау тәртібі және оларға қойылатын негізгі талаптар, сондай-ақ Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызмет тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Банк Жарғысымен, осы Кодекспен және Банктің ішкі ережелерімен белгіленеді.

12. Жетінші қағидат. Банк Басқармасының Банктің ағымдағы қызметін тиімді басқаруды тек Банк мүддесі тұрғысынан адал ниетпен орындау мүмкіндігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Банк Басқармасының Банктің Директорлар кеңесі мен акционерлеріне есептілігін белгілеу.

Корпоративтік басқарудың осы қағидатын жүзеге асыру үшін Банк:

1) Қазақстан Республикасының заңнама талаптары негізінде Банк Жарғысында белгіленген Банк Басқармасының құзыретін анықтады;

2) Басқарманың өзіне жүктелген функцияларын неғұрлым тиімді жүзеге асыруы мақсатында Банк Басқармасының қызметіне, оның ішінде Банк Басқармасының Банк дамуының стратегиясы ережелерін орындауына бақылау жасау жүйесін қамтамасыз етеді;

3) Төраға мен Басқарма мүшелерінің, Банктің басқа да лауазымды тұлғаларының сыйақыларының олардың біліктілігіне және Банк қызметіне қосқан нақты үлесіне сәйкес болуын қамтамасыз етеді;

4) Банк Басқармасының өз қызметінде үшінші тұлғалардың, оның ішінде Банк кредиторларының, мемлекеттің және Банк пен оның филиалдары орналасқан аумақтағы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүддесін тиісінше сақтауы бойынша шаралар қабылдайды;

5) кадрларды басқару жүйесін құрды, бұл Банк қызметкерлерінің Банктің тиімді жұмыс істеуіне деген ынта-жігеріне ықпал етеді, Банктің қатардағы қызметкерлерінің жағдайының біртіндеп әрі үздіксіз өсуін қамтамасыз етеді, осы мақсатта кадр саясатына жауап беретін арнайы құрылым пайда болды.

Банк Басқармасының мүшелерін сайлау және оларға қойылатын негізгі талаптар, сондай-ақ Басқарма қызметінің тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банк Жарғысымен белгіленеді.

13. Сегізінші қағидат. Банк акционерлері үшін этикалық нормаларды анықтау.

Корпоративтік басқарудың осы қағидатын жүзеге асыру тек Банк акционерлерінің тікелей қатысуымен және еркін ынта білдіруімен мына жағдайларда мүмкін:

1) Банк акционерлерінің, ең алдымен ірі акционерлердің этикалық мінез-құлық тәртібінің нормасын қатаң ұстануы;

- 2) Банк акционерлерінің өз құқықтарын асыра пайдалануына жол бермеу;
- 3) акционерлердің басқа акционерлерге немесе Банкке зиян келтіру ниетімен ғана әрекет етуіне жол бермеу.

14-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді (5.12.2014ж. № 35 хаттама).

14. Тоғызыншы қағидат. Банкте тиімді ішкі бақылау жүйесінің қызмет етуін және оның объективті бағалау жасауын қамтамасыз ету.

Корпоративтік басқарудың осы қағидатын жүзеге асыру үшін Банк:

1) осы Кодекстің 8-тарауында анықталған тәртіпке сәйкес Банкте ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырды;

2) Банктің ішкі бақылау жүйесін құрайтын органдар мен құрылымдық бөлімшелер құзырларының ара-жігін бөлді;

2-1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актінің талаптарына сәйкес Директорлар кеңесінің міндеттерінің орындалуы үшін жауапты болатын Банктің Уәкілетті алқалы органдарын құрды;

3) ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау мақсатында ішкі аудит қызметін және Директорлар кеңесі жанында аудит жөніндегі комитет (бұдан әрі - Аудит комитеті) құрды;

4) ішкі аудит қызметінің Банк Басқармасына тәуелсіз болуы қағидатын енгізді;

5) ішкі және сыртқы аудиттің өзара тиімді ықпалдасу жүйесін құрды.

3-тарау. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы

15. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу арқылы Банк акционерлеріне Банкті басқаруға қатысу құқығы берілген. Банк қолданатын акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу тәртібі Банктің барлық акционерлеріне бірдей қарым-қатынасты қамтамасыз етеді және банктің әр акционеріне акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын жүзеге асыруға тең мүмкіндік береді.

§1. Банк акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу тәртібі

16. Акционерлер жалпы жиналыстың күн тәртібіне қосу үшін мәселелер қойып, Банк Директорларына кандидаттар ұсынады, сондай-ақ олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк Басқармасы орналасқан жерге жазбаша нысанда тиісті хабарлама жіберу арқылы жалпы жиналысты шақыруды талап етуге құқылы.

17-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгертулер енгізілген (2019 жылғы 18 сәуірдегі №42 хаттама).

17. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Банктің Директорлар кеңесі шақырады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің және (немесе) Банктің ірі акционерінің бастамасымен шақырылады, ірі акционер деп Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банктің дауыс беретін акцияларының (жиынтығында) он және одан көп пайызы тиесілі, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде анықталған өзге жағдайларда өзара бекітілген келісім негізінде әрекет ететін акционер немесе бірнеше акционер танылады.

18-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгертулер енгізілген (2017 жылғы 21 сәуірдегі № 39 хаттама, 2019 жылғы 18 сәуірдегі №42 хаттама)

18. Кезектен тыс жалпы жиналысты шақыру қажет болған жағдайда ірі акционер Басқарма орналасқан мекен-жай бойынша Директорлар кеңесіне жиналыстың күн тәртібі жазылған жиналысты шақыру туралы жазбаша талап жібереді.

Банктің Директорлар кеңесі аталған талапты алған сәттен бастап он күн ішінде шешім қабылдайды және осындай шешімді қабылдау сәтінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, оны кезектен тыс жалпы жиналысты шақыру туралы талап қойған ірі акционерге жібереді. Директорлар кеңесі ірі акционердің бастамасымен жиналысты шақыру туралы шешім қабылдай отырып, күн тәртібін өз қалауымен кез келген мәселемен толықтыруға құқылы.

Банктің Директорлар кеңесі ірі акционердің талап етуімен шақырылатын акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізудің ұсынылған тәртібін өзгертуге және күн тәртібі мәселелерінің тұжырымдамасына өзгерістер енгізуге құқығы жоқ.

19-тармақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жаңа редакцияда берілді (2019 жылғы 18 сәуірдегі №42 хаттама).

19. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және онда дауыс беру құқығы бар акционерлердің тізімін Банк акцияларын ұстаушылары тізілімі жүйесінің деректері негізінде орталық депозитарий жасайды. Аталған тізім жасалатын күн акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күннен ерте белгіленбеуге тиіс.

20. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізіміне кірген банктің дауыс беруші акцияларының меншік иесі өзіне тиесілі Банк акцияларын иеліктен алуды жүзеге асырған жағдайда жаңа акционер жалпы жиналысқа қатысуға құқылы және өзінің акцияларға құқығын растайтын құжаты болуға тиіс.

21-25-тармақтар акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жаңа редакцияда берілді (2019 жылғы 18 сәуірдегі №42 хаттама).

21. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Банктің Директорлар кеңесі жасақтайды және талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің түбегейлі тізбесінен тұруы тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі жиналысқа ұсынылған Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен бекітіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысындағы күн тәртібіндегі мәселелер дәл анықталады және оларды әртүрлі түсіндіруге жол берілмейді. Жалпы жиналыс күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарамайды және олар бойынша шешім шығармайды.

22. Жүзбе-жүз тәртіпте өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне:

1) өз бетінше немесе басқа акционерлермен бірлесіп Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызына ие акционерлер немесе Банк акционерлері мұндай толықтырулар туралы жалпы жиналысты өткізу күніне дейін он бес күннен кешіктірмей ескертілген жағдайда, Директорлар кеңесі ұсынған толықтырулар;

2) енгізілуіне акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған және жиынтығында Банктің дауыс беретін акцияларының кемінде тоқсан бес пайызына ие акционерлердің (немесе олардың өкілдері) көпшілігі дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

23. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы сырттай және (немесе) аралас дауыс беру арқылы шешім қабылдағанда акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

24. Директорлар кеңесі Банк акционерлерін алдағы уақытта өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысы жайында жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей, хабарламаны қазақ және орыс тілдерінде бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына (бұдан әрі – қаржылық есептілік депозитарийі) сәйкес белгіленген қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жариялау арқылы хабарлайды, және Банктің бастамасымен бұқаралық ақпарат құралдарында - «Egemen Qazaqstan», «Казахстанская правда», Банктің корпоративтік интернет-ресурсында және Банк филиалдарында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімде қосымша орналастырылуы мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және өткізу туралы хабарламада Банк акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысына қарауға шығарылатын мәселелермен (акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі) таныстыру үшін жеткілікті, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн, уақыт, орын, қатысушыларды тіркеудің басталу және аяқталу уақыты туралы, сонымен қатар акционерлердің жалпы жиналысының материалдарымен танысу тәртібі туралы ақпарат қамтылады.

25. Банк акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы ақпараттың қор биржасының интернет-ресурсында, Банктің бастамасы бойынша оның бағалы қағаздары енгізілген ресми тізімде Банк акционерлерін хабарландыру үшін қолданылатын заңнамада белгіленген мерзімдерде жариялануын қосымша қамтамасыз етеді.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен 25-1-тармақшамен толықтырылды (19.12.2008ж. № 26 хаттама)

25-1. Заңды тұлға болып табылатын акционер оның акционерлері (қатысушылары) сол акционерлердің (қатысушылардың) тіркелу еліне қатысты Банктер туралы заңның 17-бабының талаптарын орындайтыны туралы жазбаша өтінішін ұсынуы тиіс. Аталған өтінішті ұсынбаған акционер Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға жіберілмейді. Өтініште көрсетілген ақпараттың шынайы еместігі анықталған, немесе Банктер туралы заңның 17-бабының талаптары бұзылғаны анықталған жағдайда, егер шешім үшін дауыс беруші акциялардың көпшілігі дауыс берген болса (сондай шынайы емес ақпаратты қамтитын өтінішті берген акционердің дауыс беруші

акцияларын есепке алмай), Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі сол акционердің дауыстарын есепке алмай қабылданды деп есептеледі.

26-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгертулер енгізілген (2017 жылғы 21 сәуірдегі № 39 хаттама)

26. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында оның мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс.

27. Банк акционерлері жалпы жиналысқа қатысуға құқығы бар тұлғалардың тізімімен таныса алады, сондай-ақ жалпы жиналысты өткізу туралы хабарламада көрсетілген жиналыс материалдарымен танысу орындарында, Банктің филиалдары мен есеп айырысу-касса бөлімдері орналасқан жерлерде берілген тізімнен үзінді алуға болады. Бұқаралық ақпарат құралдарында жалпы жиналысты өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап ашық өткізілетін жалпы жиналыстың жабылуына дейінгі кезеңде, ал жалпы жиналыс сырттай өткізілгенде – дауыс беру бюллетенін қабылдау аяқталғанға дейінгі кезеңде акционерлерге акционерлердің тізімімен танысуға мүмкіндік беріледі.

Акционерлер кімнің бастамасымен күн тәртібіне мәселелер енгізілгені жөнінде білуге құқығы бар.

28-тармақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жаңа редакцияда берілді (2019 жылғы 18 сәуірдегі №42 хаттама).

28. Миноритарлық акционер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде Банктің басқа акционерлерімен бірігу мақсатында орталық депозитарийге өтініш білдіруге құқылы.

Басқа акционерлерге миноритарлық акционердің өтініш жасау және орталық депозитарийдің ақпарат тарату тәртібі орталық депозитарий қағидаларының жинағымен белгіленеді.

29. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге дайындық кезінде ұсынылатын ақпарат акционерлерге күн тәртібіндегі мәселелер бойынша толық мағлұмат алып, мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Акционерлер жалпы жиналысқа дайындық барысында жалпы жиналыс материалдарымен танысу орындарында қосымша материалдар мен құжаттардың көшірмелерін алуына болады.

30. Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Банк Жарғысында қарастырылған жағдайлардан өзге күн тәртібіндегі жекелеген мәселелер бойынша акционерлерге ұсынылатын құжаттардың тізбесін акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге дайындық кезінде Банктің Директорлар кеңесі анықтайды.

Директорлар кеңесі жиналыс өткізудің алдында акционерлерге қажет болған жағдайда күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша уәждемеленген айқындаманы, сондай-ақ Директорлардың айрықша пікірлерін ұсына алады.

31-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерімен өзгерістер енгізілді (23.04.2007ж. № 23, 21.04.2011 ж. № 29 хаттамалар)

31. Жылдық жалпы жиналысты дайындау кезінде акционерлерге міндетті түрде Банктің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы жылдық есеп пен жылдық қаржылық есептеменің аудиторлық есебі (тәуелсіз аудиторлық ұйымның қорытындысы), Банктің Директорлар кеңесінің өткен қаржылық жылдағы Банктің таза табысын бөлу тәртібі, Банктің бір қарапайым акциясы есебінен дивиденд мөлшері туралы ұсыныстары, Банктің және оның лауазымды тұлғаларының арыздары туралы және оларды қарау нәтижелері туралы ақпарат, сондай-ақ жиналысты шақырушы қажет еткен және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнама талаптарымен анықталған өзге де құжаттар ұсынылады.

Егер жалпы жиналыстың күн тәртібіне Директорларды, Банктің аудиторлық ұйымын (аудиторын) сайлау мәселесі кіретін болса, онда жалпы жиналыстың қатысушыларына аталған лауазымдарға кандидаттар туралы жеткілікті, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған, ақпарат ұсынылады.

32. Жалпы жиналысты өткізу орнын, күні мен уақытын белгілегенде Банк әрбір акционерге жалпы жиналысқа қатысу үшін нақты әрі жеңіл мүмкіндік ұсынады.

33-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді (5.12.2014ж. № 35 хаттама).

33. Жалпы жиналыс Банк Басқармасы орналасқан жердегі елді мекенде өткізіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін үй жалпы жиналысқа қатысқысы келетін барлық акционерлерге қолайлы болуға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысы жергілікті уақыт сағат 9-дан кейін және кешкі сағат 18-ден кешіктірмей өткізіледі.

34. Егер аталған жиналыс өткізілмей қалса, қайталама жиналыс акционерлердің жалпы жиналысы белгіленген күннен кейін кем дегенде келесі күні өткізілуі мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысын қайтара шақыру Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен жүзеге асады.

Өтпей қалған акционерлер жиналысын шақыру рәсімі сақталғанда ғана қайталама жалпы жиналыстың шешімдері дұрыс болып есептеледі. Өткізілмей қалған жиналыстың орнына қайталама жиналысты өткізген жағдайда күн тәртібі өзгермейді.

35-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерімен өзгерістер енгізілді (23.04.2007ж. № 23, 21.04.2011 ж. № 29, 19.04.2012 ж. № 30 хаттамалар)

35. Банктің әрбір акционері дауыс беру құқығын жалпы жиналысқа жеке қатысу арқылы өзіне ыңғайлы және қарапайым тәсілмен жүзеге асыруға мүмкіндігі бар.

Банк акционерлері Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес ресімделген сенімхаттар негізінде әрекет ететін өкілдері арқылы жалпы жиналысқа қатысып, дауыс беруге құқылы. Заңнама немесе шартқа сәйкес акционердің атынан әрекет етуге немесе сенімхатсыз оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлға үшін акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға сенімхат талап етілмейді.

Банк Басқармасының мүшелері жалпы жиналысқа акционерлердің өкілдері ретінде қатыса алмайды.

Банк қызметкерлері жалпы жиналысқа акционерлердің өкілдері ретінде қатыса алмайды, мұндай өкілеттік акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқауларды қамтитын сенімхатқа негізделген жағдайларды есепке алмай.

Банк акционерлерінің жалпы жиналысын Банк Басқармасы және (немесе) Директорлар кеңесі әзірлейді және өткізеді.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды жасап, әзірлеуге өздеріне жүктелген функциялар шегінде Банктің құрылымдық бөлімшелері қатысуға құқылы.

36. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысын шақырумен, әзірлеумен және өткізумен байланысты шығындарды Банк арқалайды.

§2. Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу

37. Жалпы жиналысты өткізу тәртібі жиналысқа қатысушы барлық тұлғаларға күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша өз пікірін білдіруге және өздерін мазалаған сұрақтарын қоюға бірдей мүмкіндік береді.

Акционерлердің жалпы жиналысында күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша акционерлер негізделген шешім қабылдай алатындай мүмкіндік туғызылады. Бұл үшін жалпы жиналысты өткізу регламентінде күн тәртібіндегі мәселелер бойынша баяндама жасаушылар мен осы мәселелерді талқылау үшін, акционерлердің шығып сөйлеулері үшін ақылға қонымды жеткілікті уақыт беріледі.

38-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгерістер енгізілді (19.04.2012 ж. № 30 хаттама, 2019 жылғы 18 сәуірдегі №42 хаттама)

38. Банк акционерлерінің жалпы жиналысына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күніне құрылған және орталық депозитарий ұсынған Банк акционерлерінің тізіміне сол сияқты енгізілген акционерлердің қатысуына және дауыс беруіне болады.

Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен басқа жағдай белгіленбесе, Банктің әр акционері “бір акция - бір дауыс” қағидатымен дауыс беруге құқылы.

Артықшылықты акцияға ие Банк акционерлері ашық өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және олар қарайтын мәселелерді талқылауға құқылы.

Кепілде тұрған акциялар бойынша дауыс беру кепіл туралы шарт талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

39-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгертулер енгізілді (2019 жылғы 18 сәуірдегі №42 хаттама).

39. Егер жиналыс қатысушыларын тіркеудің аяқталу сәтінде (сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде барлық бюллетеньдерді ұсыну күніне немесе бюллетеньдерді ұсыну мерзімінің аяқталу күніне) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізіміне енгізілген, Банктің дауыс беруші акцияларының жиынтығында елу және одан көп пайызын иеленетін акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген болса, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелерін қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Бұл ретте жаңа акционерлер Банк акцияларына меншік құқығын растайтын құжаттарды ұсынуға тиіс.

40-тармақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен сәйкес жаңа редакцияда берілді (2019 жылғы 18 сәуірдегі №42 хаттама).

40. Күн тәртібінің мәселелерін қарау алдында акционерлердің жалпы жиналысы акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасы мен хатшысын сайлайды, Банк акционерлернің жалпы жиналысында дауыстарды санауға уәкілетті етілген есеп комиссиясы мүшелерінің тізімі жарияланады.

41. Жалпы жиналыста сайланатын акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы жиналысты акционерлер өздері қойған барлық сұрақтарға жауап алатындай етіп жүргізеді. Егер сұрақтың күрделілігіне байланысты бірден жауап беру мүмкін болмаса, бұл сұрақтар қойылған адамдар жалпы жиналыс аяқталғаннан кейін қысқа уақыт ішінде жазбаша жауап беруге тиіс.

Жалпы жиналыстың төрағасы жиналысты әділ жүргізеді, акционерлердің құқығын шектеу үшін ұсынылған өкілеттіктерді пайдалануға жол берілмейді (айтылған сөздерді талқылауға, сондай-ақ шығып сөйлеушіні бөлуге, тек мұндай қажеттілік жалпы жиналысты жүргізу тәртібін бұзуға қатысты болса немесе жалпы жиналысты жүргізудің өзге де талаптарына сәйкес келсе).

Банк Басқармасының мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысына төрағалық ете алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жиналыс хаттамасындағы мәліметтердің толықтығы мен дәлдігі үшін жауап береді.

42. Акционерлердің жалпы жиналысына Директорлар, Төраға мен Басқарма мүшелері, Ішкі аудит қызметінің басшысы, шақырылған адамдар, Банктің лауазымды адамдары мен акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге қатысушы басқа да қызметкерлері, еншілес (аффилиирленген) ұйымдардың басшылары қатысады.

Банк Директорлары акционерлердің жалпы жиналысына объективті себептермен қатыса алмаған жағдайда жалпы жиналыс төрағасы жиналыстың басында акционерлер мен жиналысқа қатысушыларға аталған адамдардың келмеген себептері туралы хабарлайды.

43. Банк акционерлері күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша сөз сөйлей алады, сондай-ақ Директорлар мен Басқарма мүшелеріне, Төрағаға сауалдар қоя алады.

44. Қажет болған жағдайда акционерлерге есептер ұсынылып, заңнама мен Банк Жарғысында белгіленген тәртіппен Банк қызметінің түрлі аспектілеріне қатысты сұрақтарға жазбаша жауаптар беріледі.

45. Банктің қаржы-шаруашылық қызметіне, Банктің жылдық есебіне бақылау жүргізу нәтижелері туралы есепті тыңдағанда акционерлер Ішкі аудит қызметінің басшысына және Банктің тәуелсіз аудиторлық ұйымының өкіліне олардың жасаған қорытындысына қатысты сұрақтар қойып, жауап алуына болады.

46. Банк акционерлеріне Директорлыққа, Басқарма Төрағасы лауазымдарына сайланатын кандидаттар туралы жеткілікті ақпарат беріледі.

Директорлыққа, Басқарма Төрағасы лауазымдарына сайланатын кандидаттар өздерін қарайтын акционерлердің жалпы жиналысына қатыса отырып, тиісті лауазымға өздерінің сайлануына келісімін береді. Акционерлер кандидаттарға білгісі келген сұрақтарын қойып, басқа акционерлердің пікірімен алмасады.

Директорлық лауазымына сайланатын кандидаттарға қойылатын талаптар Банк Жарғысында, осы Кодексте атап көрсетіледі.

47. Банк қолданатын жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу рәсімі акционерлердің жалпы жиналысқа қатысуы үшін ешқандай кедергі келтірмейді. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу рәсімі жиналыста кворумның болған, болмағанын анықтайды. Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу тәртібі, жиналыс болмай қалған жағдайда қайталама жиналыс шақыру рәсімі Банк жарғысымен анықталады.

Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу жалпы жиналыс болатын орында және жиналыс өткізу жоспарланған күні жүргізіледі. Жиналысқа қатысушыларды тіркеу жиналыс ашылардан бір сағат бұрын басталады. Жалпы жиналыс өткізілген күні аяқталады.

48-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді (2015 жылғы 23 сәуірдегі №36 хаттама)

48. Шешімі Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзырына жатқызылған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банк Жарғысында анықталған.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жоғары білікті көпшілік дауыс қажет болатын мәселелерді қоспағанда Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер дауысқа қатысушы Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

49. Акционерлердің жалпы жиналысы артықшылықты акцияларға иелік етуші акционерлердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қарастырған жағдайда жиналысқа ұсынылған артықшылықты акциялардың жалпы санының кем дегенде үштен екісі (сатып алынғандарын қоспағанда) осы шектеу үшін дауыс бергенде ғана мұндай шешім қабылданған болып есептеледі.

50. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен келіспеген жағдайда акционер талап етуге, ал хатшылар осы акционердің ерекше пікірін хаттамаға енгізуге міндетті.

51-53-тармақтар акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жаңа редакцияда берілді (2019 жылғы 18 сәуірдегі №42 хаттама).

51. Жүзбе-жүз өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысы ашық және құпия (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру арқылы шешім қабылдайды.

Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) немесе Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізусіз қолданылуы мүмкін.

52. Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай және аралас дауыс беру арқылы өткізілгенде Банк акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмейтін мерзімде дауыс беруге арналған бюллетеньді және акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламаны қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жариялайды.

Сырттай дауыс беру жүргізілгенде келесідей талаптар сақталады:

- 1) күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер қолданылады;
- 2) дауыс беруге арналған бюллетень:
 - Банктің толық атауын және Банк Басқармасының орналасқан жерін;
 - акционерлердің жалпы жиналысын шақырған бастамашы туралы мәліметті;
 - сырттай дауыс беруге бюллетеньдерді ұсынудың соңғы күнін;
 - акционерлердің жалпы жиналысын жабу күнін;
 - акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін;
 - дауыс беру жүргізілетін сұрақтардың тұжырымдамасын;
 - «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қалды» сөздерімен дауыс беруге ұсынылған әрбір сұрақ бойынша дауыс беру нұсқаларын;
 - күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсініктемесін қамтиды;

3) Банк Директорларын сайлау мәселелері бойынша дауыс беру кезінде бюллетень сайлауға ұсынылатын кандидаттардың атауын, сондай-ақ онда жеке кандидаттар үшін берілген дауыс санын көрсетуге арналған жолдарды қамтиды.

53. Сырттай және/немесе аралас дауыс беру кезінде бюллетень дауыс беруші акционердің – жеке тұлғаның немесе оның өкілінің немесе акционер басшысының – заңды тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің қол қоюынсыз жарамсыз болып табылады.

Банк акционерлерінің жалпы жиналысының отырысын өткізусіз шешім қабылданатын жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізгенде дауыс беру кезінде Банк жалпы жиналыс қатысушыларын тіркеу сәтінде (аралас дауыс беру кезінде) немесе бюллетеньдерді ұсынудың соңғы күнінен кешіктірмей алған бюллетеньдер ғана пайдаланылуы мүмкін.

Егер акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде барлық акционерлерден тиісті түрде толтырылған бюллетеньдер дауыстарды есептеуге белгіленген күннен

бұрын келіп түссе, онда дауыстарды ертерек күнмен санауға рұқсат етіледі, бұл дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада көрсетіледі.

Сырттай дауыс беру нысанында қабылданатын шешімдер акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге қажет кворум сақталғанда жарамды болып табылады.

54. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізген кезде дауыс санын шығаруды немесе дауыс қорытындысын шығаруды акционерлер жиналысы анықтаған мерзімге акционерлер сайлаған есептеу комиссиясы жүзеге асырады.

Есептеу комиссиясы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға келген тұлғалардың өкілеттігін тексереді;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркейді және оларға акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар береді;
- 3) сырттай дауыс беру бюллетеньдерінің жарамдылығын тексереді және заңды бюллетеньдердің саны мен күн тәртібіндегі мәселелер бойынша онда көрсетілген дауыс санын есептейді;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының жиналымын, оның ішінде жиналыс өткізіліп жатқан уақыт бойы, анықтайды және жиналымның бар-жоғы туралы хабарлайды;
- 6) акционерлердің жалпы жиналысы қарастырған мәселелер бойынша дауыстарды есептеп, дауыс беру қорытындысын шығарады;
- 7) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындысы туралы хаттама жасайды;
- 8) Банктің мұрағатына дауыс беру бюллетеньдері мен дауыс беру қорытындысы туралы хаттаманы береді.

55. Есептеу комиссиясы акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдердегі ақпараттың конфиденциалдығын қамтамасыз етеді.

Жалпы жиналысты өткізу тәртібі дауыс беру қорытындысын шығарғанда жиналысқа қатысушы барлық акционерлердің құқығын сақтауды қамтамасыз етеді.

Банк акционерлері күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс санын есептеу тәртібімен таныса алады. Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан да көп пайызына иелік етуші акционерлер есептеу комиссиясы мүшелерінің дауыс санын шығаруына бақылау жасауға құқылы.

56. Дауыс беру қорытындысы жалпы жиналыста жүргізіледі және жарияланады. Дауыс беру қорытындысы бойынша есептеу комиссиясы дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама құрастырады, ол акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қосылып тіркеледі.

57-тармақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен сәйкес алып тасталынды (2019 жылғы 18 сәуірдегі №42 хаттама).

57. Алып тасталынды.

58-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгерістер енгізілді (23.04.2007ж. № 23 хаттама)

58. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жалпы жиналыс аяқталғаннан кейін үш күннен кешіктірілмей ресімделеді және мына жәйттарды қамтиды:

- 1) Банктің толық атауы және банк Басқармасының орналасқан жері;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні, орны мен уақыты;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылған дауыс беруші акциялардың саны туралы мәлімет;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысын көрсету;
- 8) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауысқа салынған әрбір мәселе бойынша жалпы дауыс саны;
- 9) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушылардың сөздері;
- 10) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындысы;
- 11) Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.

Жалпы жиналыста Директорлар кеңесін/жаңа Директорды сайлау туралы мәселе қаралған жағдайда жалпы жиналыстың хаттамасында сайланған Директор қай акционердің өкілі болып табылатыны және/немесе сайланған Директорлардың қайсысы Тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.

59-тармақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен сәйкес жаңа редакцияда берілді (2019 жылғы 18 сәуірдегі №42 хаттама).

59. Жүзбе-жүз тәртіпте өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысы, сондай-ақ есеп комиссиясының мүшелері қол қоюы тиіс.

Сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына есеп беру комиссиясының мүшелері қол қоюы тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері Банк акционерлеріне акционерлердің жалпы жиналысы жабылатын күннен кейін он бес күнтізбелік күннің ішінде оларды қазақ және орыс тілдерінде қаржылық есептіліктің интернет-ресурсында жариялау арқылы немесе Жарғыда белгіленген тәртіпте жеткізіледі. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен бірге тігіледі. Аталған құжаттарды Банк Басқармасы сақтауы және акционерлерге кез келген уақытта танысу үшін ұсынылуы тиіс. Жиналыс хаттамасының көшірмесі акционердің талабы бойынша оған Банк Жарғысында, осы Кодексте белгіленген тәртіпте беріледі.

4-тарау. Банктің Директорлар кеңесі

60-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді (22.05.2020 ж. № 43 хаттама).

60. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Банк Жарғысымен Банк акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, оның қызметіне жалпы басқаруды жүзеге асыратын Банктің басқару органы Директорлар кеңесі болып табылады.

Директорлар кеңесі оның құзыретінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдай отырып, шешімдерді қабылдау кезінде мынадай қағидаттарды сақтау қажеттілігіне сүйенеді:

1) ұсынылатын ақпаратты жан-жақты адал бағалаудың негізінде, тиісті сақтықпен және қамқорлықпен шешімді орынды қабылдау және Банктің мүддесі үшін әрекет ету (duty of care). Сақтық және қамқоршылық көрсету міндеті бизнес шешімдерді қабылдау процесіндегі қателерге қолданылмайды, егер Директор бұл кезде өрескел ұқыпсыздық көрсетпеген болса;

2) Банкпен ерекше қатынаспен байланысқан тұлғалардың жеке пайдасын, мүдделерін Банктің мүдделерінің зарарына ескермей, Банктің мүддесі үшін адал шешім қабылдау және әрекет ету (duty of loyalty);

3) Банк қызметіне белсенді қатысу және Банк қызметінің елеулі өзгерістері мен сыртқы жағдайы туралы хабардар болу, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Банк мүдделерін қорғауға бағытталған шешімдерді дер кезінде қабылдау.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыреті Банктің Жарғысында анықталады.

§1. Директорлар кеңесінің негізгі функциялары

61-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерімен толықтырулар мен өзгерістер енгізілді (21.04.2011ж. № 29, 19.04.2012ж. № 30, 5.12.2014 ж. № 35 хаттамалар).

61. Директорлар кеңесі Банк қызметінің ұзақ мерзімді артықшылықты бағыттарын белгілейді, Банк қызметінің артықшылықты бағыттарын белгілейтін қаарйды және бекітеді, олардың орындалуын бақылайды. Директорлар кеңесі Банктің даму стратегиясын бекітеді, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда Банктің даму жоспарын бекітеді, Банкте қаржылық және еңбек ресурстарының барабарлық деңгейін сақтап тұру үшін жағдай құрайды, Банктің Жарғысында белгіленген құзыретке сәйкес Банктің ішкі қағидаларын бекітеді. Директорлар кеңесі Банктің даму стратегиясының орындалуына мониторингті және оның ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайға, тәуекелдер бейініне және қаржылық әлеуетке, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін бағалауды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі алдын ала Банктің жылдық қаржылық есептемесін бекітеді.

Директорлар кеңесі Банктегі корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылауды жүзеге асыру керек.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес 61-1-тармағымен толықтырылды (22.05.2020 жылғы №43 хаттама).

61-1. Директорлар кеңесі Банктің корпоративтік басқару жүйесінің мынадай қағидаттарға сәйкес келуін қамтамасыз етеді:

1) Банк қызметінің ауқымына және сипатына, оның құрылымына, тәуекелдер бейініне, Банктің бизнес үлгісіне сәйкес келуі;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көзделген акционерлердің құқығын қорғау және осы құқықтардың жүзеге асырылуын қолдау;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпараттың дер кезінде және шынайы ашылуын қамтамасыз ету;

Өз міндеттерін орындау үшін Директорлар кеңесінің мүшелері толық, өзекті және уақтылы ақпарат алуға рұқсаттары бар.

62-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес толықтырулар мен өзгерістер енгізілді (22.05.2020 жылғы №43 хаттама).

62. Директорлар кеңесі:

1) Банк Басқармасының Директорлар кеңесі бекіткен стратегиялар мен саясаттарды, акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін жүзеге асыруына мониторинг жасау;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Банк Басқармасының қызметін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

3) ішкі бақылау жүйесін енгізуді қамтамасыз ету;

4) Банк Басқармасы мүшелерімен кездесулерді ұдайы өткізу;

5) Басқарма ұсынған мәліметтерге талдау жүргізу және сыни бағалау;

6) Басқарма мүшелерінің банк стратегиясында анықталған ұзақ мерзімді мақсаттарға сай келетін және қаржылық тұрақтылыққа бағытталған нәтижелілігінің және еңбекақы төлеу жүйесінің қажетті стандарттарын белгілеу арқылы Банк Басқармасының қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерін тағайындау және орнын алмастыру критерийлері мен рәсімдерінің ашық және тиімді жүйесін орнатады, оның ішінде Банк Басқармасы мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін анықтайды, Басқарма Төрағасын және мүшелерін сайлайды және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Директорлар кеңесі Кадрлар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің ұсынымдары негізінде Директорлар кеңесі Төрағасының, Басқарма Төрағасының және мүшелерінің сыйақы жүйесін белгілейді.

Заңнамалық актілерге сәйкес Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес Банк Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдамайды, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне қайшы келетін шешімдер қабылдамайды.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен 62-1-тармақпен толықтырылды (19.12.2008 ж. № 26 хаттама)

62-1. Директорлар кеңесі акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) он және одан жоғары пайызы Банкке тиесілі болатын заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

63-тармақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен толықтырылды (2012 жылғы 19 сәуірдегі № 30 хаттама, 2017 жылғы 21 сәуірдегі № 39 хаттама)

63. Директорлар кеңесі акцияларды орналастыру (сату), соның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастырудың (сатудың) тәсілі және бағасы туралы шешім, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Банктің орналастырған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ Банктің облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын анықтайды.

64-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес толықтырулар мен өзгерістер енгізілді (23.04.2007ж. № 23, 19.12.2008 ж. № 26, 18.04.2019 ж. №42 хаттамалар)

64. Директорлар кеңесі Банктің ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілетті мерзімін белгілейді, оның басшысы мен мүшелерін тағайындайды; олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады, Банктің ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Банктің ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақысын төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын белгілейді; сондай-ақ аудиторлық ұйым мен Банк акцияларына төлеу үшін табысталған немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтеріне төлеу мөлшерін белгілейді.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес 61-1-тармағымен толықтырылды (22.05.2020 жылғы №43 хаттама).

64-1. Директорлар кеңесі Банктің тәуекел-менеджментінің басшысын, бас комплаенс-бақылаушыны тағайындайды, сондай-ақ тәуекел-менеджмент басшысының өзара әрекеттесуін және оның жұмысына бақылауды жүзеге асырады.

65. Директорлар кеңесі Банкте тәуекелдерді басқару және бағалау (кредит тәуекелі, сақтандыру тәуекелі, валюталық шектеулерді жүргізу тәуекелі, нарықтық тәуекел, пайыздық тәуекел, өтімділік тәуекелі, құқықтық тәуекел, басқа да тәуекелдер) жүйесінің жұмысына бақылауды қамтамасыз етеді.

66-тармақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес алып тасталынды (22.05.2020 жылғы №43 хаттама).

66. Алып тасталынды.

Директорлар кеңесі лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейіндегі мүдделердің ықтимал тартылысын, оның ішінде мүдделілік бар мәмілелерді жасаған кезде Банктің меншігін заңсыз пайдалануды және теріс пайдалануды, қадағалайды және мүмкіндігінше оларды жояды.

67-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен толықтырулар енгізілді (19.12.2008 ж. № 26, 19.04.2012ж. № 30, 22.04.2016ж. №37, 21.04.2017ж. №39, 18.04.2019 ж. №42 хаттамалар)

67. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 36-бабының 1-тармағының 17-1) тармақшасына және 73-бабының 3-1 тармағына сәйкес жасалуы туралы шешім Банк акционерлерінің жалпы жиналысымен қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, жасалуында Банктің мүддесі бар ірі мәмілелерді және мәмілелерді жасау туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды. Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғамен мәміле Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарын ескере отырып, тек қана Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жасалуы мүмкін.

Директорлар кеңесі Банк міндеттемелерін оның меншікті капиталынан он және одан жоғары пайызды құрайтын шамаға ұлғайту туралы шешім қабылдайды.

Директорлар кеңесі басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан жоғары пайызын Банктің сатып алу (иселіктен шығару) туралы шешімдер қабылдайды.

Директорлар кеңесі олардың құны банктің меншікті капиталынан он пайыздан жоғары болатын Банк активтерін кепілге немесе ауыртпалықтың басқа да нысанына табыстау туралы шешім қабылдайды.

Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен мәмілелер банк қызметін реттейтін, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте жасалады.

68. Директорлар кеңесі Банк қызметі туралы ақпаратты ашу және тарату жүйесінің Қазақстан Республикасының заңнамасына, Ақпаратты ашу ережелеріне және листинг ережелеріне сәйкес тиісінше жұмыс істеуіне, коммерциялық құпияны және конфиденциалды ақпаратты құрайтын мәліметтерді анықтауға жауап береді.

69. Директорлар кеңесі Банк акционерлерімен тұрақты диалог жүргізуді қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесі Банкті басқару және Банк стратегиясы мәселелерін талқылау үшін ірі акционерлермен кездесіп отыруға құқығы.

Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілуге тиіс мәселелерді анықтайды.

§2. Директорлар кеңесінің құрамы және оны құрастыру

70-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (22.05.2020 жылғы №43 хаттама).

70. Директорлар кеңесінің құрамын белгілеген кезде Банктің барлық акционерлерінің мүддесі мен пікірі ескеріледі. Директорлар кеңесінің құрамы оның тиімді жұмысын қамтамасыз етеді, шешім қабылдаған кезде акционерлердің түрлі мүдделері мен пікірін ескереді.

Банктің Директорлар кеңесінің құрамы және оның мүшелеріне қойылатын кәсіптік талаптар келесідей талаптарға жауап береді:

1) Банктің Директорлар кеңесінің құрамы және оның өкілеттіктері тиімді бақылау жасау үшін жеткілікті;

2) Банктің Директорлар таңдалған бизнес үлгіге, қызметтің ауқымына, түріне және операциялардың күрделілігіне сәйкес, кеңесі қажетті біліктілікке, мінсіз іскерлік беделге ие және тәжірибесі мол, жиынтығында Банкті жалпы басқаруға жеткілікті тұлғалардан тұрады;

3) Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері шешімдер қабылдау барысында өзара әрекеттесуге, ынтымақтастыққа және сыни талқылауға бағытталады;

4) Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін адал орындайды, шешімдер қабылдайды, мүдделер қайшылығын барынша азайтады.

71. Директорлар акционерлердің жалпы жиналысында сайланады. Банк Директорларының сандық құрамы, өкілеттік мерзімі акционерлердің жалпы жиналысында белгіленеді.

Банк акционерлеріне Директорлық лауазымға сайлауға түскен тұлғаның (тұлғалар тобының) жасы, білімі, жұмыс орны және соңғы 3 жылдағы қызмет лауазымдары, кандидаттыққа түскен кездегі лауазымы туралы мәліметтер, кандидаттың біліктілігі мен жұмыс тәжірибесін растайтын басқа да ақпарат ұсынылады.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын кандидаттар, Директорлардың (оның ішінде тәуелсіз директорлардың) өкілеттік мерзімі туралы ақпарат заңнама ережелеріне сәйкес акционерлер назарына жалпы жиналысты өткізуден бұрын жеткізіледі. Акционерлердің жалпы жиналысында сайланғанға дейін әр кандидатқа оның құзыреті мен өкілеттік мерзімі туралы хабар беріледі.

72-тармақ акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің редакциясында беріледі (19.04.2012ж. № 30, 21.04.2017ж. №39, 22.05.2020 ж. №43 хаттама)

72. Аса маңызды сұрақтарды қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін **Банкте** Директорлар кеңесінің комитеттері **құрылуы тиіс**, олардың функцияларына стратегиялық жоспарлау, тәуекелдерді басқару, кадрлар және сыйақы беру, ішкі аудит мәселелерін, әлеуметтік және өзге де мәселелерді қарау кіреді.

Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін есепке алмағанда, осы тармақтың бірінші бөлігінде берілген мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

73-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысы шешімімен өзгерістер енгізілді (21.02.2008ж. № 24 хаттамалар)

73. Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет өз қызметінің талаптарына және осы Кодекске сәйкес Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Басқарма Төрағасына басқа жаңа Директорларды сайлау, әрекет етуші директорларды қайта сайлау жөнінде және Директорлар өкілеттігін тоқтату жөнінде ұсыныс береді.

74. Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Банк Директорлары бола алмайды. Басқарма Төрағасы лауазымы бойынша Директор болып табылады. Басқарма Төрағасы осы қызметімен қатар бір уақытта Директорлар кеңесінің Төрағасы бола алмайды.

75-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысы шешімімен өзгерістер енгізілді (19.04.2012ж. № 30, 22.04.2016ж. №37, 21.04.2017ж. №39, 18.04.2019 ж. №42 хаттама)

75. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен Директорлардың кез келгенінің (барлығының) өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Осындай директордың (Директорлардың) өкілеттіктері акционерлердің жалпы жиналысы оның (олардың) өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады. Директорлар өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда жаңа Директорды сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады, Директорлар кеңесіндегі бір орынға бір сайлауға түсетін жағдайларды есепке алмай. Жаңа сайланған Директордың өкілеттігі Банк жалпы алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттіктері аяқталған мерзіммен бір уақытта бітеді. Директорлардың біреуінің өз бастамасы бойынша өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуы Директорлар кеңесіне берілетін жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Мұндай директордың өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады. Директорлардың біреуінің немесе бірнешеуінің өкілеттігі тоқтатылған кезде Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша шешім Банк Жарғысында анықталған тәртіппен қабылданады.

Директордың бастамасы бойынша оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлау негізінде жүзеге асырылады. Осындай Директордың өкілеттіктері, егер хабарламада Директордың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәтінен бастап тоқтатылады.

76. Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Банк Жарғысында басқа жағдай қарастырылмаса, егер Директорлардың, оның ішінде Тәуелсіз директорлардың қызмет нәтижесі қанағаттанарлық болса, Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайлануына шек қойылмайды.

§ 3. Директорға қойылатын талаптар

77-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (23.04.2007ж. № 23, 19.12.2008ж. № 26, 19.04.2012 ж. № 30, 5.12.2014 ж. № 35, 22.04.2016ж. №37 18.04.2019 ж. №42 хаттамалар).

77. Директорлыққа кандидаттардың жақсы кәсіптік, жеке басылық беделі болуға тиіс, Директорлар кеңесінің жұмысына өз үлесін қосуға қабілетті, ортақ мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізу үшін жұмыс істеуге ынталы болуы қажет.

Тек жеке тұлға ғана Директор болып табылады. Директорлар жеке тұлға- акционерлер арасынан, жеке тұлға-акционерлер мен заңды тұлғалардың, Банк акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционер өкілі ретінде ұсынылмаған (ұсыныс жасалмаған) жеке тұлғалардың өкілдері, ретінде Директорлар кеңесінің құрамына сайлауға ұсынылған тұлғалар арасынан, заңнама актілері белгілеген шектеулерді ескеріп, басқа тұлғалар арасынан сайланады.

Директорлар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органмен келісілуге жатады.

Директорлық лауазымға мыналар сайлана алмайды:

1) жоғары білімі жоқ адамдар;

1-1) олардың тізімін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық қаржы ұйымдарында еңбек өтілі және (немесе) қаржы қызметтерін және (немесе) қаржы ұйымдарына аудит жүргізу бойынша қызметтер көрсету және (немесе) оларды үйлестіру саласында еңбек өтілі жоқ;

2)

3) мінсіз іскерлік беделі жоқ;

4) уәкілетті орган қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығындағы қызметін жүзеге асыруды тоқтатуға алып келген, банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, оны лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағанға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату не оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, ірі қатысушы – жеке тұлға, қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банк холдингі) – заңды тұлғаның басшысы болып табылған.

Көрсетілген талап уәкілетті орган қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруды тоқтатуға алып келген, банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, оны лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағаннан кейін не қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін бес жыл бойы қолданылады;

5) осы және (немесе) өзге де қаржы ұйымында басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) берілген келісім кері қайтарып алынған. Көрсетілген талап уәкілетті орган басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімін кері қайтарып алу туралы шешімді қабылдағаннан кейін қатарынан соңғы он екі ай ішінде қолданылады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған не тағайындау (сайлау) күніне дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлға Банктің басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды.

6) Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге талаптарына сәйкес келмейтіндер.

Осы тармақтың төртінші бөлігіндегі 1-1)-тармақшасында қарастырылған еңбек өтілінің бар болуы Директорлар кеңесі Төрағасына қатысты талап етіледі.

78. Директордың мынадай жеке қасиеттері болуы қажет:

1) барлық акционерлер мен тұтастай Банк мүддесіне сай объективті, саналы әрі жауапкершілікпен шешім қабылдау;

1-1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Банк Жарғысына және Банктің ішкі құжаттарына, шартқа сәйкес хабардарлық, айқындылық негізінде, Банктің және оның акционерлерінің мүддесінде әрекет ету;

2) өзіне жүктелген функцияларды тиімді орындауға мүмкіндік беретін жеткілікті уақыты болуы қажет. Директор басқа ұйымдардың басқару органдарындағы лауазымдарын біріктіру туралы шешім қабылдаған кезде өзіне жүктелген міндеттерін тиісінше орындауға уақыты толық жететінін ескеруі қажет;

3) Банктің мүддесіне сай келеді деп ұйғарған болса, өзінің объективті пікірін айтып, қорғай білу;

4) Лауазымға сайланған сәттен бастап қандай да бір адамның немесе тұлғалар тобының мүддесін білдірмеу және Банк пен оның акционерлерінің мүддесі үшін әрекет ету;

4-1) барлық акционерлерге адал қарау, корпоративтік мәселелер бойынша әділ, тәуелсіз пікір шығару;

- 5) Банктің мәміле жасауға мүдделілігі туралы ақпаратты шынайы әрі толық көлемде ашу;
- 6) өзінің дағдылары мен білімін үнемі жетілдіріп отыру.

§ 4. Тәуелсіз директорлар

79. Тәуелсіз директор өзінің тәуелсіздігін жоғалтуға әкеп соғатын іс-әрекеттерге бармауы керек. Егер тәуелсіз директор Директорлар кеңесі құрамына сайланғаннан кейін оның мұндай мәртебесі жоғалатындай өзгерістер мен жағдайлар туындайтын болса, аталған өзгерістер мен жағдайларды баяндап, Директорлар кеңесіне өтініш беруге міндетті. Бұл жағдайда Директорлар кеңесі акционерлерді хабардар етуге тиіс, ал қажет болғанда Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыра алады.

§ 5. Директордың міндеттері

80. Директор өзіне жүктелген міндеттерді Банк пен оның акционерлерінің мүддесі үшін объективті және адал ниетпен орындайды.

Директорлар кеңесі Басқарманың тиімді қызмет етуін қамтамасыз етеді және осы қызметті бақылайды.

Өз міндеттерін тиісті түрде орындау мақсатында Директорлар кеңесінің мүшесі Банк Басқармасынан қажетті ақпарат алуды талап етуге құқылы.

81-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді (5.12.2014 ж. № 35 хаттама).

81. Директорлар кеңесінің мүшесі Банк мүдделері мен Директорлар кеңесі мүшесінің мүдделері арасында жанжалға немесе осындай жанжалдың пайда болуына әкеп соқтыратын әрекеттер жасаудан тартынуға тиіс, ал ондай жағдай болғанда немесе жанжал пайда болған жағдайда Директорлар кеңесіне ақпарат беруі тиіс және іс-әрекет жасау тәртібін сақтауға шара қолдануы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің мүдделілігі бар мәміле жасау ниеті туралы Директорлар кеңесін жазбаша хабардар етеді, сондай-ақ ақпаратты ашып көрсету үшін заңнамада белгіленген тәртіппен өзі жасаған мәмілелер туралы ақпаратты ашуға міндетті.

82-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді (5.12. 2014ж. № 35 хаттама).

82. Директор Директорлар кеңесінің отырыстарына белсене қатысады.

Директор өзінің отырысқа қатыса алмайтындығы жөнінде Директорлар кеңесін алдын ала себептерін түсіндіре отырып хабардар етеді.

Әрбір директор шақыру мен өткізу тәртібі Банк Жарғысымен анықталатын Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге құқылы.

Банкті басқаруға қатысты немесе шешім қабылдау үшін ұсынылатын мәселелер бойынша Директордың ерекше пікірі болған жағдайда, мұндай пікір айырмашылығы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында атап көрсетілуге тиіс.

Директор олар бойынша шешім қабылдауда мүдделілігі бар мәселелер (оның жасалуында Директордың немесе оның үлестес тұлғаларының мүдделілігі бар мәміле) бойынша дауыс беруге қатыспайды. Бұл ретте Директор Директорлар кеңесіне сондай мүдделілік фактісінің өзін, сондай-ақ оның туындау негіздерін Директорлар кеңесінің отырысы жүзбе-жүз жүргізілген кезде ауызша, немесе шешімді қабылдау сұрау (сырттай дауыс беру) тәртібімен жүргізілген кезде тиісті жазбаша хабарлама жолдау арқылы ашып көрсетеді.

83. Директор Банк жөнінде конфиденциалдық ақпаратты, инсайдерлік ақпаратты, сондай-ақ заңмен қорғалатын банктік, коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты Директорлық міндеттерін атқару мерзімі барысында және Банкте жұмыс істеуін тоқтатқаннан кейін Банктің ішкі ережелерімен белгіленген мерзім ішінде өзінің жеке мүддесінде немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде пайдалануға және жария етуге тиісті емес.

§ 6. Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру

84. Директорлар кеңесін Төраға басқарады, ол Директорлар кеңесінің өз міндеттерін ойдағыдай орындауын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің Төрағалығына мінсіз іскерлік

беделі мен басшылық лауазымдарда жұмыс істеу тәжірбесі бар, адалдық, беріктілік сияқты қасиеттер иесі және Директорлар мен акционерлердің сөзсіз сеніміне ие адам тағайындалады.

85-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді (5.12.2014ж. № 35 хаттама).

85. Отырыс өткізуді әзірлеу, отырысты шақыру және дайындық жасау тәртібі Директорларға тиісті қалыпта дайындық жасауға мүмкіндік береді. Директорлар кеңесінің отырыстарына дайындық жасау, отырыстарды шақыру мен өткізу тәртібі және Директорлар кеңесінің шешім қабылдау тәртібі Банк Жарғысымен, осы Кодекспен анықталады.

Директорлар кеңесінің отырысы қажеттігіне қарай өткізіледі.

Мұнымен қатар өздерінің нақты міндеттерін тиімді орындау үшін тәуелсіз директорлар басқа директорлардың қатысуынсыз кездесу өткізе алады.

Тиісті отырыстарда қарастырылатын мәселелер тізбесін Директорлар кеңесінің хатшысы әрбір Директорға алдын ала жеткізеді.

86-тармақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен толықтырылды (21.04.2011г. № 29 хаттама)

86. Директорлар кеңесінің хатшысы Директорларға отырыстың шақырылуы, өткізілу нысаны мен күн тәртібі туралы хабарламаны отырыс өткізілетін күнтізбелік күннен 3 (үш) күннен кешіктірмей, пошта, телефон, электрондық немесе басқа да байланыс құралдары арқылы жібереді. Хабарламаны директорларға жіберу мерзімі Директорлар кеңесінің қарауына қойылатын мәселелердің сипатына қарай Директорлар кеңесі төрағасының қалауымен өзгертілуі мүмкін.

Директорлар кеңесі отырысын шақыру туралы хабарламамен бірге бір уақытта директорларға тиісті материалдар жіберіледі. Мәселелерді талқылаудан бұрын Директорлар осы мәселелерді қарастырған комитеттердің берген қорытындысын алдын ала қарайды.

Егер Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне Басқарма мүшелерін сайлау мәселесі енгізілген болса, онда Директорлар кеңесі мүшелеріне тиісті лауазымға кандидаттың жазбаша келісімі ұсынылады. Жазбаша келісім болмаған жағдайда кандидат Директорлар кеңесінің отырысына өзі қатысып, тиісті лауазымдық қызметті иеленуге ауызша келісімін береді.

87-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді (5.12.2014 ж. № 35 хаттама).

87. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің тиімді қызмет етуін ұйымдастырады және оның Банктің басқа органдарымен және құрылымдық бөлімдерімен өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесіне өз міндеттерін орындау үшін жеткілікті ақпарат уақытында берілуге тиіс.

Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ең тиімді шешімдер тудыруды және қажет болғанда осы мәселелердің еркін талқылануын ұйымдастырады және Директорлар кеңесі отырысының ақжарқын жағдайда өткізілуін қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің Төрағасы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратты Банк Басқармасы арқылы Директорларға уақтылы ұсыну үшін, Директорлардың белгіленген мәселелер бойынша өз ойларын еркін айтуы және оларды ашық талқылауы үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды және қарастырылудағы мәселелер бойынша шешімдер жобасын тұжырымдау кезінде бастаманы өз қолына алады.

88. Директорлар Банктің қаржы-шаруашылық қызметіндегі ең маңызды уақиғалар, сондай-ақ акционерлердің мүдделеріне тиесілі басқа да жағдайлар туралы ақпараттармен қамтамасыз етіледі.

Төраға мен Басқарма мүшелері, Банктің құрылымдық бөлімдерінің басшылары, соның ішінде Директорлар кеңесінің хатшысы арқылы, Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің мәселелері жөнінде және Директорлардың кез келгенінің сұратуы бойынша уақтылы қажетті және сенімді ақпараттар ұсынады.

89. Директорлар кеңесінің отырысы жүзбе-жүз қатысу нысанымен да сырттай жүргізу нысанында да өткізіледі.

Банктің Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін жиналым тәуелсіз директорлардың біреуін қоса алғандағы Директорлардың жалпы санының кемінде жартысы қатысқан жағдайда болады. Бұл ретте Директорлар кеңесінің отырысы өткізілген жерде болмаған Директор отырыста қарастыруға шығарылған барлық мәселені талқылауға және дауыс беруге телефон немесе отырыс өткізілген жерде Директордың жоқ екендігін сөзсіз сәйкестендірме жасауға әрі мұндай

директордың айтқан пікірлері мен қабылдайтын шешімін дәл қабылдауға мүмкіндік беретін өзге байланыс арқылы қатысуға құқылы.

Директорлар кеңесінің отырысын жүзбе-жүз қатысу нысанында өткізген кезде отырысқа қатыспаған Директорлардың жазбаша пікірлері есепке алынады, бірақ Директорлар кеңесі отырысының жиналымын анықтау кезінде өз пікірлерін жазбаша түрде білдірген, отырысқа қатыспаған директорлардың дауысы есепке алынбайды.

Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын мәселелерді жедел шешу қажет болған жағдайда шешім сауалдама (сырттай дауыс беру) жолымен қабылданады.

90-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (21.04.2011ж. № 29, 5.12.2014 ж. № 35, 18.04.2019 ж. №42, 22.05.2020 ж. №43 хаттамалар).

90. Директорлар кеңесінің жүзбе-жүз қатысу тәртібімен өткізілген отырысында қабылданған шешім Директорлар кеңесінің хаттамасымен отырыс өткізілген күннен кейін **жеті** күннің ішінде ресімделеді.

Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы мынадай мәліметті қамтиды:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) Директорлар кеңесі отырысының өткізілетін орны, уақыты және күні;
- 3) Директорлар кеңесінің отырысына қатысатын адамдар туралы мәліметтер;
- 3-1) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін;
- 4) дауыс беруге қойылған мәселелерді және олар бойынша дауыс беру қорытындылары, Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша әрбір Директордың дауыс беру нәтижесін көрсетумен;
- 5) Директорлар кеңесінің отырысында қабылданған шешімдер;
- 6) Директорлар кеңесінің шешімі жөнінде басқа мәліметтер.

Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе отырысқа төрағалық етуші тұлға, сондай-ақ отырыс хатшысы қол қояды.

Директорлар кеңесі жүзбе жүз және сырттай отырыстарының хаттамалары Банктің мұрағатында сақталады және Директорлардың кез келгенінің талабы бойынша оларды Директорлар кеңесінің хатшысы танысу үшін және (немесе) Директорлар кеңесі хатшысының қолымен куәландырылған Директорлар кеңесінің жүзбе-жүз және (немесе) сырттай отырыстарының хаттамаларынан үзінді көшірме беру жолымен ұсынады.

§ 7. Директорлардың жауапкершілігі

90-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен толықтырулар енгізілді (18.04.2019 ж. №42 хаттама)

91. Директорлар кеңесінің төрағасы сонымен қатар Директорлардың нақты және толық ақпаратты уақтылы алуы қамтамасыз етілуіне жауапты. Директорлар кеңесі орындайтын функциялардың барлық аспектісінде оның қызметінің тиімді болуын қамтамасыз ете отырып, Директорлар кеңесінің қызметіне басшылық ету үшін жауапты. Директорлар кеңесінің төрағасы акционерлермен тиімді байланыс орнатуды қамтамасыз етуі, Тәуелсіз директорлардың тиімді қатысуына көмектесуі және Тәуелсіз директорлар, сондай-ақ Директорлар мен Банк басқармасы арасында конструктивті қатынастардың болуын қамтамасыз етуі тиіс.

Директорлар кеңесінің Төрағасы мен директорлар өз міндеттерін орындамағаны үшін немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапты болады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы мен директорлар өздерінің айыпты іс әрекеттерімен Банкке келтірген шығындары үшін Банк алдында заңнамада қарастырылған жауапкершілік арқалайды.

92-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгеріс енгізілді (5.12.2014ж. № 35 хаттама).

92. Жаңадан сайланған директорларға олардың міндеттеріне қатысты толық, ресмилік және арнайы әзірленген нұсқаулықтар (жадынама) беріледі.

Директорлар кеңесінің Төрағасы директорлардың өз білімдері мен дағдыланған істерін тұрақты жетілдіріп отыруларын қадағалайды, олардың өз қызметтерін атқаруы үшін қажетті Банк қызметі мен қызмет нәтижелері туралы мәліметті Директорлардың барлығының (Директорлар кеңесінің құрамындағы болсын, Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамындағы болсын директорлар) назарына жеткізіп отырады. Директорлардың білімі мен біліктілігін дамыту және жетілдіру үшін Банк барлық қажетті жағдайды қамтамасыз етеді.

§ 8. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

93. Директорлар кеңесінің қызмет нәтижесін акционерлердің жылдық жалпы жиналысы бағалайды.

94. Директорлар кеңесі жыл сайын өз қызметіне, сондай-ақ өз комитеттерінің қызметіне және директорлардың әрқайсысының жеке қызметіне ресми және қатаң бағалау жүргізеді.

95-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгерістер енгізілді (21.02.2008ж. № 24, 21.04.2011ж. № 29 хаттамалар)

95. Директорларды бағалау әр директордың Директорлар кеңесінің жұмысына қатысу тиімділігін, олардың әрқайсысының өз лауазымдық міндеттерін орындауын анықтауға, оның ішінде Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарына қатысуы туралы мәліметтерді талдауға бағытталған. Директорлар кеңесінің Төрағасы мықты жақтарын мойындап, Директорлар кеңесінің назарын осал жақтарына аударып, қызметті бағалау нәтижелерін қарап, талдайды, және қажеттілік туындаған кезде жаңа директорлар тағайындау немесе әрекет етуші директорлардың өкілеттігін тоқтату жөнінде ұсыныс жасайды.

§ 9. Директорлар мен Басқарма мүшелерінің сыйақысы

96-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгерістер енгізілді (21.02.2008ж. № 24, 21.04.2011ж. № 29 хаттамалар)

96. Директорлар кеңесі жанынан Директорлар құрамынан Сыйақы жөніндегі комитет құрылады, оған кемінде бір тәуелсіз директор кіреді.

97. Директорлар және (немесе) Басқарма мүшелері өздеріне сыйақы төлеу туралы мәселені қарастыруға қатыспайды.

98-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгерістер енгізілді (21.02.2008ж. № 24, 21.04.2011ж. № 29 хаттамалар)

98. Сыйақы жөніндегі комитет Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесіне Директорларға төленетін сыйақы мөлшері мен талаптарына қатысты ұсыныс береді.

99. Директорларға сыйақы төлеудің тәртібі мен талабы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Банктің ішкі ережелеріне сәйкес Банк акционерлерінің жалпы жиналысында анықталады.

5-тарау. Банк Басқармасы

100-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді (22.05.2020 жылғы №43 хаттама).

100. Банкте алқалы атқарушы орган – Басқарма қызмет жасайды.

Басқарма таңдалған бизнес үлгіге, қызметтің ауқымына, түріне және операциялардың күрделілігіне, тәуекел бейініне және Банктің Директорлар кеңесі бекіткен ішкі құжаттарға сәйкес Банктің ағымдағы қызметін адал басқарады және Банк стратегиясының орындалуын қамтамасыз ету, Банктің Директорлар кеңесі бекіткен рәсімдерді, процестерді және саясаттарды сақтау үшін, сондай-ақ Банк акционерлерінің және Директорлар кеңесінің жалпы жиналысының шешімдерін уақтылы және тиімді орындау үшін жауапкершілік арқалайды.

Басқарма Төрағасы мен оның мүшелері Банк акционерлері мен қызметкерлері тарапынан сенімге ие болуы керек. Басқарма мүшелеріне олардың тұлғалық және кәсіби қасиеттеріне талап жоғары қойылады.

Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерінің қызметіне тиімді бақылау жасайды. Банк Басқармасы Банктің Директорлар кеңесіне есеп беруге міндетті.

§ 1. Банк Басқармасының құзыреті

101. Басқарма құзыретіне Банктің ағымдағы қызметін басқарудағы ең ірі мәселелерді шешу, Директорлар кеңесі бекітетін маңызды құжаттарды – Банктің даму Стратегиясын, Банктің белгілі уақытқа арналған бюджетін әзірлеуді ұйымдастыру, сондай-ақ Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Банк құжаттары мен ішкі ережелерін бекіту жатады.

102. Банк Басқармасы Банк қызметінің Қазақстан Республикасының заңдық актілерімен және Банк Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің, Банктің басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының айырықша құзыретіне жатпайтын кез келген мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

103. Банк Басқармасы Басқарма мүшелері арасындағы міндеттерді, өкілеттік пен жауапкершілік аясын бөледі.

104. Банк Басқармасы осы Жарғы мен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысына қаржы есебін (Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі туралы заңнамасына сәйкес бухгалтерлік баланс, **кірістер мен залалдар, ақша қозғалысы туралы есеп** және басқа есептемелер) ұсынады;

105. Банк Басқармасының құзыретіне Банктің ішкі ережелерімен және Банктің Жарғысымен анықталған тәртіпке сәйкес жылжымайтын мүлікпен мәміле жасау, Банктің үшінші тұлғаларға беретін қарыздарының (кепілдік, кепілгерлік) мөлшерін белгілеу (лимиттер орнату) туралы мәселелерді шешу жатады, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банктің өзге органдарының құзырына жатқызылған мәселелерді қоспағанда;

Басқарма Банктің басқа банктерден, қаржы ұйымдарынан, банкілер консорциумынан қарыз алу мәселесін қарауға құқылы, егер осындай мәмілелер жасау Банктің кәдуілгі шаруашылық қызметіне жатпаса және Банктің басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаса.

106. Басқарма құзыретіне Банктің ішкі ережелерімен және Банк Жарғысымен анықталған тәртіпте Банктің еншілес және үлестес ұйымдарымен, филиалдар мен өкілдіктермен өзара іс-қимыл жасау мәселелері жатады. Басқарма Банк филиалдары мен өкілдіктерінің бірінші басшыларын тағайындау (сайлау) жөнінде шешім қабылдайды.

107. Банк Басқармасы Банктің құрылымы мен штатын бекітеді, Банктің өзге органдарының айырықша құзыретіне жатпайтын ішкі еңбек тәртіп ережелерін, соның ішінде айып салу мен материалдық сыйақы беру шараларын қолданумен мадақтау көрсетуді реттемелейтін ішкі ережелерді бекітеді, сондай-ақ ұжымдық шарттар жасау туралы шешімдерді қарайды және қабылдайды.

107-1. Басқарма Банктің ұйымдық құрылымының жобасын әзірлеп, алдын ала қарап, Директорлар кеңесіне ұсыныстар беру үшін Банктің Уәкілетті алқалы органынан ұсынады. Директорлар кеңесі Банктің ұйымдық құрылымын бекітеді.

§ 2. Басқарманы қалыптастыру және оның құрамы

108-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгерістер енгізілді (5.12.2014 ж. № 35 хаттама).

108. Басқарма құрамы Басқарма мүшелерінің жүктелген функцияларды адал ниетпен және тиімді түрде жүзеге асыруын қамтамасыз етеді.

Басқарма мүшелігіне тек жеке тұлға сайлануы мүмкін. Басқарма мүшесі Директорлар кеңесі және (немесе) Банк акционерлері ұсынған адамдардың арасынан сайланады.

Банк Басқармасының Төрағасы мен мүшелері Банк пен акционерлер мүддесінде әрекет етеді, мінсіз іскерлік беделдері бар, Банктің ағымдағы қызметіне басшылық жасау үшін қажетті кәсіби біліктілікке ие, Банк қызметі саласында да басқару саласында да арнаулы білімдері бар, сондай-ақ өздеріне жүктелген міндеттерін тиісті қалыпта орындайды.

Басқарма Төрағасы мен мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органмен келісуге жатады.

109-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерімен өзгерістер мен толқытырулар енгізілді (23.04.2007ж. № 23, 19.12.2008ж. № 26, 5.12.2014 ж. № 35, 22.04.2016ж. №37, 18.04.2019 ж. №42 хаттамалар).

109. Банк Басқармасының мүшесі лауазымына мына төмендегі тұлғалар сайланбайды:

1) жоғары білімі жоқ адамдар;
2) олардың тізімін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық қаржы ұйымдарында Қазақстан Республикасында белгіленген **еңбек өтілі** жоқ, және (немесе) қаржы қызметтерін және (немесе) қаржы ұйымдарына аудит жүргізу бойынша қызметтер көрсету және (немесе) үйлестіру саласында **еңбек өтілі** жоқ;

3) **мінсіз іскерлік беделі жоқ;**

4) уәкілетті орган қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығындағы қызметін жүзеге асыруды тоқтатуға алып келген, банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, оны лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағанға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату не оны банкрот деп тану туралы сот шешімі

заңды күшіне енгенге дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, ірі қатысушы – жеке тұлға, қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банк холдингі) – заңды тұлғаның басшысы болып табылған.

Көрсетілген талап уәкілетті орган қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруды тоқтатуға алып келген, банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, оны лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағаннан кейін не қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін бес жыл бойы қолданылады;

5) аталған тұлға ~~өзге қаржылық ұйымда басшылық қызметте болған кезеңде осы және (немесе) қаржылық ұйымда~~ басқарушы қызмет лауазымына тағайындалуға (сайлануға) берген келісімі кері қайтарылып алынған адамдар. Аталған талап уәкілетті орган басқарушы қызмет лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімді кері қайтарып алу туралы шешім қабылдағаннан кейін соңғы он екі айда бірізділікпен қолданылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігіндегі 2)-тармақшасында қарастырылған **еңбек өтілінің** бар болуы тек қана Банк қауіпсіздігі мәселелеріне, әкімшілік-шаруашылық мәселелерге шетекшілік ететін Басқарма мүшелері лауазымына кандидаттар үшін талап етілмейді. кандидаттар үшін талап етілмейді.

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарға сәйкес келмейтіндер.

110. Басқарма Төрағасы - акционерлер Банктің ағымдағы қызметіне басшылық етуді сеніп тапсырған тұлға.

Басқарма Төрағасы өзіне жүктелген міндеттерді тиісті қалыпта орындайды.

Басқарма Төрағасы мен мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіпте Директорлар кеңесінің келісімімен басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

111. Банк Басқармасының Төрағасы мен мүшелері Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымына сайланатын кандидат жөнінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне ақпарат ұсынуды көздейтін ашық рәсімге сәйкес сайланады және өкілеттігін тоқтатады.

Банктің Директорлар кеңесіне Басқарма Төрағасын сайлау, өкілеттік мерзімін анықтау жөнінде мәселе қойылғанда Банк акционерлеріне Басқарма Төрағасы лауазымына сайланатын кандидат туралы мынадай ақпарат ұсынылады: аты-жөні, жасы, білімі, жұмыс істеген орындары мен соңғы 3 жылда атқарған қызметтері туралы мәліметтер, жоғарлату кезінде атқарған қызметі және кандидаттың біліктілігі мен жұмыс тәжірибесін растайтын басқа ақпараттар.

112. Басқарма Төрағасы және Басқарма мүшелерімен жасалынатын еңбек шарттарында олардың құқықтары мен міндеттерінің егжей-тегжейлі тізбесі, шарттың әрекет етуін тоқтату негізі, сондай-ақ Басқарма мүшесінің өз бастамасымен еңбек қатынастарын бұзу туралы Банкті хабардар ету міндеті, Басқарманың жаңадан сайланатын мүшесіне істерді тарсыру процедурасы, Банкте істеген кезінде және Банкпен еңбек қатынастарын тоқтатқаннан кейін де конфиденциалдық және инсайдерлік ақпаратты жария етпеу міндеті, Банк Басқармасының Төрағасы және Басқарма мүшесі міндетін атқару кезінде өзге ұйымдарда лауазымды қызметте болу мүмкіндіктері анықталады.

§ 3. Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің міндеттері

113. Банк Басқармасы Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Банк Жарғысымен және Банктің басқа да ішкі ережелері мен құжаттарымен қатаң сәйкестікте қызмет етуін қамтамасыз етеді.

Банк Басқармасы қажеттілігіне қарай Директорлар кеңесі алдында өз қызметі жайлы басқарушылық есептеме беру немесе Директорлар кеңесінің шешімін талап ететін мәселелерді Директорлар кеңесінің қарауына шығару арқылы есеп береді.

114. Төраға мен Басқарма мүшелері Банк акционерлерінің құрметі мен сеніміне ие болады.

Төраға мен Басқарма мүшелері, сондай-ақ олардың үлестес тұлғалары олардың қызметі немесе қабылдайтын шешімдеріне ықпал ету мақсатында берілетін сыйлықтарды қабылдауға немесе басқа да тура немесе жанама пайдалар алуға тиісті емес (ресми шаралар кезіндегі кәдесыйлар мен жалпы жұрт қабылдаған сыпайылық ережелеріне сәйкес символикалық ілтипат белгісін көрсетуден басқа).

115. Төраға мен Басқарма мүшелері Банк мүдделері мен өз мүдделері арасында жанжалға немесе осындай жанжалдың пайда болуына әкеп соқтыратын әрекеттер жасаудан тартынуы тиіс, ал осындай жанжал пайда болған жағдайда олар тез арада Директорлар кеңесіне ақпарат береді.

116. Банк Төрағасы мен мүшелері жеке пайдақорлық мүддесінде және үшінші тұлғалардың мүддесінде пайдалануға Банк туралы конфиденциалдық және инсайдерлік ақпаратты пайдалануға, сондай-ақ Банктің банктік және коммерциялық құпиясын жария етуге тиісті емес.

117. Банк Басқармасы Банк қызметкерлерінің Банктің тиімді жұмыс істеуінде мүдделі болуына жағдай жасайды.

Басқарма қызметкерлерге еңбегі үшін сыйақы мен басқа да материалдық мадақтау шараларын бекіткен кезде қызметкердің Банк қызметіне қосқан үлесі мен еңбек ақы төлеуге ықпал ететін басқа да факторларды есепке алады, сыйақы мен материалдық ынталандыру шараларын орнататын критерийін анықтайды (бекітеді).

118. Банк Басқармасы қызметкерлердің денсаулығы мен олардың еңбек қауіпсіздігін қамсыздандыруға бағытталған Банк саясатының жүзеге асырылуының бақылауын қамтамасыз етеді және қажет болған жағдайда Директорлар кеңесіне, егер осындай шаралар қабылдау үшін Директорлар кеңесінің шешімі қажет болса, ол саясатты жетілдіру бойынша шаралар қабылдауды ұсынады.

§ 4. Басқарма жұмысын ұйымдастыру

119. Басқарма отырысын шақыру, дайындау және өткізу тәртібі, оның ішінде Банк Басқармасының шешім қабылдауы, Банк Жарғысымен және Банктің ішкі ережелерімен анықталады.

120. Басқарманың жоспарлы отырыстары аптасына бір реттен кем өткізілмейді. Басқарманың кез келген мүшесі Басқарманың кезектен тыс отырысын шақыру туралы ұсыныс жасауға және осы отырыста қарауға орынды деген мәселелер ұсынуға құқылы.

12-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгеріс енгізілді (21.04.2011ж. № 29 хаттама)

121. Банк Басқармасының хатшысы алдын ала Басқарманың әр мүшесіне танысу үшін отырыстың күн тәртібі мен онда қаралуға тиісті материалдарды қоса отырып, отырыс өткізілетіні туралы (қағазға басылған нұсқада, электрондық пошта бойынша) хабар жібереді.

Банк Басқармасының хатшысы жүзбе-жүз немесе сырттай отырыстың хаттамасын құрайды, оған отырысқа қатысқан/шешім қабылдауға қатысқан барлық Басқарма мүшелері қол қою керек және дауыс беруге қойылған барлық мәселелерді, олар бойынша дауыс беру қорытындыларын қамтылып, әрбір мәселе бойынша Басқарманың әр мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілуі керек.

Банк Басқармасының хатшысы Банк Басқармасы отырысының хаттамасын жасайды. Басқарма отырыстарының хаттамасы, оның ішінде хаттамалардың көшірмесі танысу үшін Директорларға, Басқарма мүшелеріне беріледі және қажеттілігіне қарай Ішкі аудит қызметіне, аудиторлық ұйымға, дербес құрылымдық бөлімшелердің басшыларына ұсынылады.

122-тармақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес редакцияда беріледі (21.04.2011ж. № 29 хаттама)

122. Басқарманың қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер Банк Жарғысы мен ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

§ 5. Банк Басқармасы Төрағасы мен мүшелерінің жауапкершіліктері

123. Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелері өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапты болады.

Басқарма Төрағасы мен мүшелері өздерінің айыпты іс әрекеттерімен Банкке келтірген шығындары үшін Банк алдында заңнамада қарастырылған жауапқа тартылады.

Кодекс Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен 5-1-тараумен толықтырылды (23/04/2007 жылғы № 23 хаттама, Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгеріс енгізілді (19.04.2012 ж. № 30 хаттама)

5-1 тарау. Корпоративтік хатшы

123-1. Корпоративтік хатшы – Банктің Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының мүшесі болып табылмайтын, Банктің Директорлар кеңесіне есеп беретін Банк жұмыскері.

Банктің Корпоративтік хатшысы өз құзыретінің шеңберінде Банк акционерлерінің жалпы жиналысын және Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау мен жүргізуді бақылайды, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды және Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды құруды қамтамасыз етеді, оларға қолжетімділікті қамтамасыз етуді бақылайды.

123-2-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді (5.12.2014 ж. № 35 хаттама).

123-2. Банктің Корпоративтік хатшысы корпоративтік саясат пен Банктегі корпоративтік процестер үшін жауап береді. Корпоративтік хатшы акционерлердің және басқа да басқару органдарының қарым-қатынастарында, сондай-ақ акционерлер арасындағы қарым-қатынастарда даулы жағдайлардың шешілуін қамтамасыз ету керек.

123-3. Банктің Корпоративтік хатшысы акционерлердің шағымдарын Банктің сәйкес органдарының тиісінше қарауын және акционерлердің құқықтарын бұзуға байланысты даулардың шешілуін қамтамасыз етеді. Сондай шағымдарды Банктің органдарының және бөлімшелерінің уақытында қаралуына бақылау Корпоративтік хатшыға жүктеледі.

123-4. Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі Банктің сәйкес ішкі ережелерінде айқындалады.

123-5. Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшері мен сыйақыны төлеу шарттарын белгілеу Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

6-тарау. Елеулі корпорациялық әрекеттер

124. Елеулі корпорациялық әрекеттер деп Банк пен оның мүлкінің құқықтық мәртебесінің өзгеруіне әкеп соқтыруы мүмкін және елеулі түрде Банк пен оның акционерлерінің мүддесіне ықпал ететін әрекеттер танылады.

Банк елеулі корпорациялық әрекеттер Банктің заңнамамен, Банк Жарғысымен және осы Кодекспен анықталған елеулі корпорациялық әрекеттер жасау процедурасын сақтау арқылы жететін барынша ашықтық және айқындықпен қабаттас болатынын түсінеді.

Банк елеулі корпорациялық әрекеттер жасаған кезде Банк мүддесіне залал келтіретін немесе келтіруі мүмкін әрекеттердің жасалуына жол бермеуге міндеттенеді.

125. Банк елеулі корпорациялық әрекеттерге төмендегі жағдайларды жатқызады:

- 1) Ірі мәмілелер мен жасалуында Банктің мүдделілігі бар мәмілелер, сондай-ақ Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалынатын мәмілелер;
- 2) Банктің орналастырылған акцияларының 30 және одан да көп пайызын сатып алу;
- 3) Банкті қайта құру және тарату;
- 4) Күрделі корпорациялық өзгерістерге әкеліп соғатын өзге әрекеттер мен оқиғалар.

126-тармақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен толықтырылды (21.04.2011ж. № 29, 21.04.2017ж. №39 хаттама)

126. Өзінің нышанымен елеулі корпорациялық әрекетке жататын мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын, бағалы қағаздар (оның ішінде Банктің өзі шығарған бағалы қағаздар) немесе кредит мәмілесі мәміленің мәні болып табылатын жағдайлардан басқа, тиісті лицензиясы бар тәуелсіз бағалаушы анықтайды.

Бағалы қағаздардың нарықтық құны Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Банктің ішкі ережелеріне сәйкес белгіленеді.

Оның нәтижесінде Банк активтерінің мөлшерінен он және одан жоғары пайызды құрайтын сомаға мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәмілені жасау туралы шешім, бағалаушы бағалау қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актіне сәйкес белгілеген аталған мүліктің нарықтық құнын есепке алып, қабылдануы керек.

Егер сондай мәміленің мәні ақша және (немесе) бастапқы нарыққа шығарылатын (орналастырылатын) бағалы қағаздар және (немесе) активтер және (немесе) бұрын банк болып табылған заңды тұлғаның талап ету құқытары болса, бағалау жүргізілмейді.

127. Банк мәміле жасау кезінде сол мәміленің елеулі корпорациялық әрекетке жататындығын анықтау үшін барлық қажетті әрекеттер жасауға міндетті.

128. Банктің үлестес тұлғалары өз жақтарынан Банкке келесі мәліметтерді жеткізуге міндетті:

- 1) мәміле тарабы болып табылады; және/немесе
- 2) мәміленің тарабы болып табылатын немесе оған делдал немесе өкіл ретінде қатысатын заңды тұлғаның үлестес тұлғалары болып табылады; және/немесе
- 3) олар мүдделі тұлғалар деп мойындалуы мүмкін өздеріне белгілі жасалынып жатқан немесе жасалынатын мәміле туралы.

§ 1. Ірі мәміле жасау, жасалуында мүдделілік бар мәміле жасау және Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен мәміле жасау тәртібі

129. Ірі мәмілеге, жасалуында Банктің мүдделілігі бар мәмілеге және Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалатын мәмілеге, Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Банк Жарғысына сәйкес осындай деп мойындалатын мәмілелер жатады.

130. Ірі мәміленің, жасалуында Банктің мүдделілігі бар мәміленің және/немесе Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалатын мәміленің талаптарын алдын ала қарауды Банк Басқармасы және/немесе өзге де уәкілетті органы болашақ мәміле құзыретіне жататын құрылымдық бөлімнің түсініктеме хаты негізінде жүзеге асырады. Қажет болған жағдайда түсініктеме хатқа болашақ мәміле бойынша құжаттардың көшірмесі қосылады.

131. Ірі мәміле, жасалуында Банктің мүдделілігі бар мәміле және/немесе Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалатын мәміле жасаудың мақсатқа сай екендігі туралы мәселені қарау кезінде Банк Басқармасы және/немесе өзге де уәкілетті органы Банк мүддесін қамтамасыз ету басымдығына сүйенуі тиіс. Ол үшін Басқарма қарауға ұсынылатын мәміленің барлық талаптарын және болуы мүмкін зардаптарын мұқият зерттейді. Жан жақты өлшенген және негізді шешім қабылдау үшін ұсынылған құжаттар жеткіліксіз болса, Банк Басқармасы және/немесе өзге де уәкілетті органы қаралудағы мәміле бойынша қосымша материалдар сұратуға құқылы.

132. Егер Банк Басқармасы және/немесе өзге де уәкілетті органы жасалуында мүдделілік бар мәміле жасау туралы мәселе қарайтын болса, онда ол мәселенің қарауы мен талқылауында:

- 1) мәміле тарабы болып табылатын; және/немесе
- 2) мәміленің тарабы болып табылатын немесе оған делдал немесе өкіл ретінде қатысатын заңды тұлғаның үлестес тұлғалары болып табылатын Банк Басқармасының және/немесе өзге де уәкілетті органының мүшелері қатыспауы керек.

133. Банк Басқармасы және/немесе өзге де уәкілетті органы Банктің ірі мәміле, жасалуында мүдделілік бар мәміле немесе Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғамен жасалатын мәміле жасасудың мақсатқа сай екендігі туралы шешім қабылдаған жағдайда Банк Басқармасы Банктің Директорлар кеңесіне осындай мәміле жасау туралы өтініш жасайды. Сонымен бірге Банк Басқармасы және/немесе өзге де уәкілетті органы Банк Директорлар кеңесінің қарауына Банктің Директорлар кеңесінің алдында ұсынылған мәмілені жасау жөнінде шешім қабылдау туралы өтініш беруге негіз болған, ұсынылған мәміле бойынша бұрын қаралған барлық материалдарды береді. Бұдан басқа, егер қарауға ұсынылған мәміле мүлкті иеліктен айыру немесе оны сатып алумен байланысты болса, бағалаушының кандидатурасы бойынша ұсыныстар қоса беріледі.

134. Ұсынылған құжаттар негізінде Банк Директорлар кеңесі келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) Банк Басқармасының өтінішін қанағаттандыру және ірі мәміле, жасалуында мүдделілік бар мәміле немесе Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғамен жасалатын мәмілелерді жасау туралы;

2) Банк Басқармасының және/немесе өзге де уәкілетті органының өтінішін және ірі мәміле, жасалуында мүдделілік бар мәміле немесе Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғамен жасалатын мәмілелердің талаптарын қайта қарап, бағалаушының кандидатурасын және Банк Басқармасының және/немесе өзге де уәкілетті органының басқа да ұсыныстарын қайта қарап қанағаттандыру және жасау туралы;

3) Банк Басқармасының және/немесе өзге де уәкілетті органының ірі мәміле, жасалуында мүдделілік бар мәміле немесе Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғамен жасалатын мәмілелерді жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы.

135. Банк Директорлар кеңесінің шешім қабылдауында:

- 1) мәміле тарабы болып табылатын; және/немесе

2) мәміленің тарабы болып табылатын немесе оған делдал немесе өкіл ретінде қатысатын заңды тұлғаның үлестес тұлғалары болып табылатын Банк Директорлары қатыспауы керек.

Қажет болған жағдайда Банктің Директорлар кеңесі қарастырылатын мәміле бойынша қосымша құжаттарды талап етуге құқылы.

Кодекс Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес 135-1-тармақпен толықтырылды (21.04.2011ж. № 29 хаттама)

135-1. Банктің лауазымды тұлғалары Банк және акционерлер алдында олардың іс-әрекеттерімен және (немесе) әрекетсіздігімен келтірілген зиян үшін және Банк шеккен залалдар үшін, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей ірі мәмілелерді, олардың жасалуында мүдделілік бар, олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздік салдарынан Банк залалдарының туындауына әкеп соқтырған мәмілелерді, оның ішінде Банкпен сондай мәмілелер жасау нәтижесінде олардың және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) алуы мақсатында, жасауды ұсыну және (немесе) жасау туралы шешім қабылдау нәтижесінде шеккен залалдар үшін, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікті көтереді.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және (немесе) Банк Жарғысында қарастырылған жағдайларда жалпы жиналыстың ірі мәмілені, оның жасалуында мүдделілік бар мәмілені жасау туралы шешімді қабылдауы, егер оларды орындау нәтижесінде Банкке залалдар келтірілген болса, ол мүшесі болып табылатын Банк органының отырысында оны жасауды ұсынған лауазымды тұлғаны, немесе жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекетсіздік білдірткен тұлғаны, оның ішінде олардың және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) алуы мақсатында, жауапкершіліктен босатпайды.

Кодекс акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес 135-2 тармағымен толықтырылды (21.04.2017ж. № 39 хаттама)

135-2. Банк акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің негізінде немесе Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан артық пайыз акцияларын иеленетін (жиынтықта иеленетін) акционер (акционерлер) өзінің атынан Банктің мүдделеріне сәйкес Банк оны жасауды мүдделілігі бар және оның нәтижесінде құны оның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінен он және одан артық пайызды құрайтын мүлікті Банк сатып алғанда немесе иеліктен шығарғанда мәмілені жасау нәтижесінде Банкте пайда болған залал үшін лауазымды тұлғаны жауапкершілікке тарту туралы талаппен сотқа жүгінуге келесі талаптар бір мезгілде орын алған кезде, құқылы:

егер мәмілені жасау туралы шешім қабылдау сәтінде осындай мүліктің құны оның бағалаушы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында бағалау қызметі туралы» заңға сәйкес анықтаған нарықтық құнына сәйкес еместігі айқын болғаны дәлелденген, болса;

сот Банк акционерлерін оның лауазымды тұлғасы (тұлғалары) ол (олар) немесе оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында қасақана жаңылыстыру дерегін анықтаған болса.

§ 2. Банктің дауыс беретін акцияларының 30 және одан көп пайызын бөтен адамның сатып алуы (жұтылу)

136-тармақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жаңа редакцияда берілді (18.04.2019 ж. №42 хаттама)

136. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, бағалы қағаздардың қайталама нарығында Банктің дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызын не Банктің дауыс беретін акцияларының өзге санын дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен жиынтықта сатып алуға ниетті, сатып алу нәтижесінде тұлғаға дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен жиынтықта банктің дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызы тиесілі болатын осы тұлға бұл туралы Банктің дауыс беретін акцияларын сатып алудың болжамды күніне дейін отыз жұмыс күні бұрын Банкке хабарлама жіберуге міндетті. Хабарламада Банктің сатып алынатын дауыс беретін акцияларының саны және олардың болжамды сатып алу бағасы туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес 136-1 тармағымен толықтырылды (18.04.2019 ж. №42 хаттама)

136-1. Бағалы қағаздардың қайталама нарығында Банктің дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызын не дауыс беретін акциялардың өзге санын дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен жиынтықта сатып алған, сатып алу нәтижесінде тұлғаға дербес немесе оның үлестес тұлғаларымен жиынтықта Банктің дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызы тиесілі болған осы тұлға Банкке сатып алған күннен кейін он бес жұмыс күні ішінде қалған акционерлерге Банктің оларға тиесілі акцияларын сатуға ұсыныс жіберуге міндетті.

Қалған акционерлерге Банктің оларға тиесілі акцияларын сату туралы ұсыныста атын (атауын), тұрғылықты жерін (орналасқан жерін), Банктің оларға тиесілі дауыс беретін акцияларының санын қоса алғанда, Банктің дауыс беретін акцияларының отыз және одан көп пайызы жиынтығында тиесілі болған тұлға және оның үлестес тұлғалары туралы және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын, акцияларды сатып алудың ұсынылатын бағасы туралы деректер қамтылуға тиіс.

137-142-тармақтар акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жаңа редакцияда берілді (18.04.2019 ж. №42 хаттама)

137. Банк Кодекстің 136-тармағында көрсетілген акцияларды сату туралы ұсынысты алған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде орналастыруды қамтамасыз етеді.

138. Қалған акционерлер Кодекстің 136-1 тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның Банктің оларға тиесілі акцияларын сату туралы ұсынысын акцияларды сату туралы ұсыныс жарияланған күннен кейін отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қабылдауға құқылы.

Кодекстің 136-1 тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның ұсынысын қабылдаған акционер Банктің оған тиесілі акцияларын Кодекстің 136-1 тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның пайдасына иеліктен шығаруды Банктің оған тиесілі акцияларын сату туралы жазбаша келісім берген күннен кейін отыз жұмыс күні ішінде жүргізуге міндетті.

Кодекстің 136-1 тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлға акционердің Банктің оған тиесілі акцияларын сату туралы жазбаша келісімін алған күннен кейін отыз жұмыс күні ішінде осы акцияларды төлеуге міндетті.

139. Банк акционерлердің Кодекстің 136-1 тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаға Банктің акцияларын сатуына кедергі келтіруге құқылы емес. Банктің акцияларын сатқысы келетін тұлғаға, Кодекстің 136-1 тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаға акцияларды Банктің өзі немесе үшінші тұлғалардың Кодекстің 136-1 тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлға ұсынған бағадан асатын баға бойынша сатып алуы туралы ұсыныс жасауға Банктің құқығы бар. Банктің акцияларын сатып алу туралы Банктің ұсынысында акциялардың саны, бағасы және акцияларды үшінші тұлғалар сатып алған жағдайда сатып алушылардың деректемелері туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

140. Бағалы қағаздардың қайталама нарығында Банктің дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызын не Банктің дауыс беретін акцияларының өзге санын дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен жиынтықта сатып алған, сатып алу нәтижесінде тұлғаға Банктің дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызы дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен жиынтықта тиесілі болған осы тұлға Кодекстің 6-тарауының 2-параграфында белгіленген міндеттерді сақтамаған жағдайда, аталған тұлға (тұлғалар):

1) өзімен (өздерімен) үлестес емес тұлғаларға Банктің дауыс беретін акцияларының жиырма тоғыз пайызынан асатын, Банктің өзіне (өздеріне) тиесілі акцияларының бір бөлігін иеліктен шығаруды жүргізуге міндетті;

2) өзімен (өздерімен) үлестес емес тұлғаларға Банктің дауыс беретін акцияларының жиырма тоғыз пайызынан асатын, Банктің өзіне (өздеріне) тиесілі акцияларының бір бөлігін иеліктен шығаруды жүргізгенше Банктің басшылығына немесе саясатына ықпал етуге бағытталған ешбір әрекетті жасауға және (немесе) Банктің өзіне (өздеріне) тиесілі дауыс беретін акциялары бойынша дауыс беруге құқылы емес.

141. Кодекстің 136-1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның өзіне тиесілі Банк акцияларын сату туралы ұсынысына жауап ретінде өзіне тиесілі Банк акцияларын сату туралы жазбаша келісім берген Банк акционері осы ұсынысты жариялаған тұлғаның Банк акцияларын сатып алудан бас тартуына сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

142. Кодекстің 6-тарауының осы 2-параграфының талаптары Кодекстің 6-тарауының 2-1-параграфында белгіленген жағдайға қолданылмайды.

6-тарау акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес 2-1 параграфымент толықтырылды (18.04.2019 ж. №42 хаттама).

§ 2-1. Бағалы қағаздардың қайталама нарығында Банктің дауыс беретін акцияларының тоқсан бес және одан да көп пайызын өз бетімен немесе өзінің үлестес тұлғаларымен жиынтықта сатып алған тұлғаның Банктің дауыс беретін акцияларын өтеуін төлеп алуы.

142-1. Бағалы қағаздардың қайталама нарығында Банктің дауыс беретін акцияларының тоқсан

бес және одан да көп пайызын не жиынтығында Банктің дауыс беретін акцияларының кемінде он пайызын құрайтын, оны сатып алу нәтижесінде осы тұлғаға дербес немесе оның үлестес тұлғаларымен жиынтықта Банктің дауыс беретін акцияларының тоқсан бес және одан да көп пайызы тиесілі болған, дауыс беретін акциялардың өзге санын өз бетімен немесе өзінің үлестес тұлғаларымен жиынтықта сатып алған тұлға, сатып алған күннен кейін алпыс жұмыс күні ішінде Банктің қалған акционерлерінен оларға тиесілі Банктің дауыс беретін акцияларын өзіне сатуды талап етуге құқылы.

Акционерлерге тиесілі Банктің дауыс беретін акцияларын сату туралы талапта осы талапты мәлімдеген тұлға (тұлғалар) туралы, оның ішінде аты (атауы), тұрғылықты жері (орналасқан жері), өзіне (оларға) тиесілі Банктің дауыс беретін акцияларының саны және Кодекстің 142-4-тармағына сәйкес анықталатын Банктің дауыс беретін акцияларын сатып алудың ұсынылып отырған бағасы туралы деректер қамтылуы тиіс.

142-2. Банк Кодекстің 142-1-тармағында көрсетілген талапты алған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде оның қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етеді.

142-3. Кодекстің 142-1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның талап етуі бойынша қалған акционерлер Банктің өздеріне тиесілі дауыс беретін акцияларын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында талап жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімде сатуға міндетті.

Акционерлердің осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде Банктің дауыс беретін акцияларымен өзге азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауына тыйым салынады.

142-4. Кодекстің 142-1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның талап етуі бойынша акционерлердің оларға тиесілі дауыс беретін акцияларды сату бағасы талап қойылған күні бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан нарықтық құн ретінде айқындалады.

142-5. Кодекстің 142-1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлға басқа акционерлерден сатып алынатын Банктің дауыс беретін акцияларын Кодекстің 142-4-тармағына сәйкес айқындалатын ұсынылған сатып алу бағасы бойынша төлеуге міндетті.

Кодекстің 142-1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлға қалған акционерлерден сатып алатын Банктің дауыс беретін акцияларын төлеуге арналған ақша Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде өзекті деректемелері бар осы акционерлердің банктік шоттарына аударылады.

Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, Банктің сатып алынған дауыс беретін акцияларын төлеуге арналған ақша уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа аударылады¹.

142-6. Кодекстің 142-1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның талап етуі бойынша акционерлердің оларға тиесілі Банктің дауыс беретін акцияларын сатуы бойынша мәмілені тіркеу осы тұлғаның бұйрығы негізінде бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жүзеге асырылады.

Кодекстің 142-1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның талап етуі бойынша ауыртпалық салынған Банктің дауыс беретін акцияларын номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде ашылған акционердің дербес шотынан есептен шығару, сондай-ақ оларға ақы төлеу ауыртпалық алынған күннен кейін бір ай ішінде жүзеге асырылады.

Мәмілелерді тіркеумен және оларды төлеумен байланысты болған шығыстарды Банктің дауыс беретін акцияларын сатып алатын тұлға көтереді.

142-7. Кодекстің 142-1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның Банктің дауыс беретін акцияларын сатып алуы бойынша мәмілені тіркеген күні Банктің дауыс беретін акциялары бойынша төленбеген дивидендтерді алу құқығы осы тұлғаның талабы бойынша Банктің дауыс беретін акцияларын сатқан акционерлерде сақталады.

Кодекстің 142-1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның талаптарына сәйкес Банктің дауыс беретін акцияларын сатқан акционерлерге Банктің дауыс беретін акциялары бойынша дивидендтерді төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

¹ Кодекстің 142-5-тармағының үшінші абзацы 2019 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

§ 3. Банкті қайта құру

143. Банкті қайта құру туралы мәселе осындай қайта құру талаптарының қосымшасымен бірге Директорлар кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығарылады.

Директорлар кеңесі Банкті қайта құру тәртібі мен талаптарын анықтауға белсенді қатысады.

Банктің жекелеген Директорлары Банкті қосу, біріктіру, бөлу нысанында қайта құру туралы шешім қабылданғанға дейін, Банк Басқармасы қайта құруға қатысатын қоғамдардың атқарушы органдарымен жүргізетін қайта құру туралы келіссөздерге қатысуға және Директорлар кеңесінде осы келіссөздер барысын талқылауды ұйымдастыруға құқылы.

Директорлар кеңесі қайта құру туралы құжаттардың түпкілікті жобасын бекітеді және осы мәселе жөнінде өз пікірін қоса отырып, қайта құру туралы мәселені акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне қояды.

144. Банк Басқармасы Директорлар кеңесін қайта құру туралы мәселені акционерлердің жалпы жиналысына шығарғанға дейін ұйғарылған қайта құрумен байланысты ақпараттар мен материалдарды Директорлар кеңесіне ұсынады. Директорлар кеңесіне төмендегідей құжаттар ұсынылады:

- 1) Біріктіру (қосу) туралы шарт жобасын немесе бөлу (айыру) туралы шешім жобасын;
- 2) Қайта құру (біріктіру, бөлу, айыру немесе жаңарту) нәтижесінде қайта құрылатын ұйымның құрылтайшылық құжаттарының жобасы немесе Банкті қосу жүзеге асырылатын ұйымның құрылтайшылық құжаттары;
- 3) Біріктіруде (қосуда) қатысатын барлық ұйымдардың өткен 3 қаржылық жылдардағы жылдық қаржылық есептемелері;
- 4) Қайта құру туралы мәселе қойылған жиналыс өткізу күнінен алты ай бұрын құрастырылған тоқсандық есеп, егер соңғы қаржы жылының өткеніне алты ай толса;
- 5) Табыстама акт және бөліп көрсететін баланс жобасы;
- 6) Қайта құрудың негіздемесі.

Банкті қайта құру кезінде акцияның айырбасталымдық ара салмағын анықтау мақсатында Банк бағалаушыны тартуға құқылы.

145-тармақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзгертілді (18.04.2019 ж. №42 хаттама).

145. Бірлескен жалпы жиналыс өткізу туралы хабарлама жіберуді, біріктіруге (қосуға) қатысатын әрбір қоғам заңнама мен өз жарғыларында белгіленген тәртіпте жүзеге асырады.

Қайта құрылатын қоғамдардың Директорлар кеңесі өз акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысын өткізу күнін, орны мен уақытын анықтау мақсатында бірлескен жиналыс өткізуі мүмкін, ал сырртай дауыс берген жағдайда толтырылған бюллетендер жіберілуге тиісті соңғы күн мен пошталық адресі анықтайды.

§ 4. Банктің таратылуы

146. Банктің таратылу тәртібі мен негіздемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Банк мынадай жағдайларда таратылуы мүмкін:

- 1) уәкілетті органның рұқсаты болған кезде акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша (ерікті таратылу);
- 2) Қазақстан Республикасының заңдық актілерінде қарастырылған жағдайларда сот шешімі бойынша (күштеп тарату).

147. Банк уәкілетті органның рұқсатын алғаннан кейін Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен ерікті таратылған жағдайда кредит берушілермен келісім бойынша және олардың бақылауымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тарату процедурасы анықталып, тарату комиссиясы тағайындалады. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған Банк ісін басқару өкілеттіктері беріледі. Банктің ерікті таратылуы кезіндегі тарату комиссиясы қызметінің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталады.

Барлығы қосылып Банктің шығарылған акцияларының он және одан да көп пайызына ие болған акционерлер тарату комиссиясында өз өкілін ұстауға құқылы.

148. Күштеп тарату келесі жағдайлармен байланыста сот арқылы жүргізіледі:

- 1) Банк банкрот болғанда;
- 2) Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында қарастырылған негіздер бойынша банк операцияларын жүргізуге Банк лицензиясын қайтарып алғанда;
- 3) өкілетті мемлекеттік органдардың, заңды және жеке тұлғалардың заң кесімдерінде қарастырылған басқа негіздер бойынша Банк қызметін тоқтату туралы өтініштерімен (талаптарымен).

Банктің төлем қабілетсіздігі мен дәрменсіздігі уәкілетті органның сотқа ұсынатын, пруденциалдық нормативтер есебінің әдістемесін (сақталуға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді) және Банк капиталының мөлшерін ескере отырып құрылған қорытындысымен бекітіледі.

Банк сот шешімі бойынша ғана белгіленген тәртіппен банкрот деп танылады.

Дәрменсіз банкті оның кредит берушілері мен Банктің өзінің шешімі бойынша соттан тыс таратуға жол берілмейді.

149. Тарату (мүлік) массасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпке сай құралады.

Банк күштеп таратылған жағдайда кредит берушілердің талаптары Қазақстан Республикасының банктік заңнамасы белгілеген тәртіппен қанағаттандырылады.

Банк заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіміне тиісті жазу енгізілген уақыттан бастап өз қызметін тоқтатты деп есептеледі.

Кредит берушілермен есеп айырысқаннан кейін тарату комиссиясы Банктің қалған мүлкін Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында қарастырылған тәртіппен акционерлер арасында бөледі.

7-тарау. Банктің ақпаратты ашуы

150. Банк қызметіне дұрыс баға беру және оған сенімді қолдау үшін Банктің барынша ақпараттық ашықтығының өте маңызды екенін ескере отырып, Банк акционерлерге, инвесторлар мен уәкілетті органға Банктің **корпоративтік оқиғалары** қызметі туралы уақытылы және толық ақпарат ұсынуды қамтамасыз етеді.

151. Банктің акционерлер, инвесторлар мен уәкілетті орган алдында өз қызметі туралы ақпаратты ашуының негізгі мақсаты, осы берілген тұлғаларды Банк туралы қол жетерлік, жүйелі және сенімді ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен, Банк ақпарат көлемінің тек Банк **корпоративтік оқиғалары** туралы толық және дұрыс түсінік қалыптастыруға және Банк қызметіне қатысу (Банк акцияларын сатып алу) туралы салмақты шешім қабылдауға, сондай-ақ Банк басқаруына қатысу процесінде басқа да әрекеттер жасау туралы шешім қабылдауға мүмкіндік беретініне сүйенеді. Сонымен қатар мұндай ақпараттық ашықтық уәкілетті орган тарапынан бақылау жасауды жеңілдетеді.

152. Мұның сыртында, нақты ақпаратты ашқанда Банк заңнама мен листинг ережелерін және кез келген қор биржасының ақпаратты ашу ережелері талаптарының орындығын отырып, өзінің корпоративтік (ішкі) ақпаратының конфиденциалдығын қорғауға және сақтауға тиіс.

153. Банк ақпаратты ашу ережелеріне сәйкес бағалы қағаздарға баға қоюға ықпал етуі мүмкін ақпарат тізбесін анықтайды және мұндай ақпараттың таралуын бақылайтын тиісті рәсімдер мен жүйелерді енгізеді.

154. Жекелеген жағдайларда егер Банктің мұндай әрекеті жұртшылық арасында қате түсінік тудырмайтын болса және Банк аталған ақпараттың конфиденциалдығын қамтамасыз ете алса, Банк ақпаратты ашу ережелеріне сәйкес өз мүддесін қорғау мақсатында ақпаратты жұртшылыққа жария етуді кейінге қалдыруы мүмкін.

155. Директорлар мен Банктің тиісті қызметкерлері ақпаратты ашу саясатын қолдану жөнінде тиісінше әзірліктен өтуі үшін Банк өзінің мұндай қызметкерлерін, сондай-ақ өзге де тұлғаларды ақпаратты ашуға қатысты қойылған шектеулер туралы хабардар етеді.

§ 1. Банк акционерлері мен уәкілетті органдарға ақпарат ұсыну тәртібі

156. Банк жылдық қаржылық есептемені (бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі туралы заңнамаға және банктік заңнамаға сәйкес бухгалтерлік баланс, табыстар мен шығыстар, ақша қозғалысы туралы есеп және басқа есептеме) және аудиторлық қорытындыны Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде уәкілетті органға ұсынады.

Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне сәйкес тоқсан сайын уәкілетті органға қаржылық есептемені ұсынады және Банк Жарғысында анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті есептемені жариялап тұрады.

157-тармақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жаңа редакцияда берілді (18.04.2019 ж. №42 хаттама) және акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес 7-1) тармақшасымен толықтырылды (22.05.2020 ж. №43 хаттама).

157. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес және ақпараттық ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында Банк қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және ресми тізіміне Банктің бастамасы бойынша шығарылған бағалы қағаздары енгізілген қор биржасының интернет-ресурсында міндетті түрде мыналардың ашып көрсетілуін қамтамасыз етеді:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын Банктің корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат;

2) жыл қорытындысы бойынша Банк Басқармасы мүшелерінің сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпарат;

3) Банктің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

4) Банктің дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызын иеленетін акционерлердің құрамы;

5) Банк әрбір осындай ұйым акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан да көп пайызын иеленетін ұйымдардың тізімі;

6) Банктің жылдық қаржылық есептілігі және Банктің аудиторлық есептері;

7) оған енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескере отырып, Банктің эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару проспектісі;

7-1) Банк акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта өтеуін төлеп алу кезінде олардың құнын анықтау әдістемесі;

8) акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеп;

9) уәкілетті органның эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын жою туралы және (немесе) Банктің эмиссиялық бағалы қағаздарын өтеу туралы ақпарат;

10) тоқсан сайынғы қаржылық есептілік.

Ресми тізіміне Банктің бастамасы бойынша Банктің шығарған бағалы қағаздары енгізілген қор биржасының интернет-ресурсында Банк қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалған өзге де ақпараттың ашылуын қосымша қамтамасыз етуге міндетті.

158-тармақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жаңа редакцияда берілді (18.04.2019 ж. №42 хаттама).

158. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты жариялаудың (бағалы қағаздарды ұстаушылардың назарына жеткізудің) өзге мерзімдері көзделмесе, осы ақпаратты Банк ол туындаған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде ашады.

Банк қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және ресми тізіміне Банктің бастамасы бойынша шығарылған Банктің бағалы қағаздары енгізілген қор биржасының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдеріндегі ақпараттың ашылуын қамтамасыз етеді.

158-1-тармақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жаңа редакцияда берілді (18.04.2019 ж. №42 хаттама).

158-1. Банктің ақпаратты ашу тәртібі, Банктің ашуы тиіс ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ Банктің қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты ашу мерзімдері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Банктің ақпаратты ашу тәртібі, ашылуы тиіс ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ қор биржасының интернет-ресурсында ақпаратты ашу мерзімдері ресми тізіміне Банктің бастамасы бойынша шығарылған Банктің бағалы қағаздары енгізілген қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.

159-162-тармақтар акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес алып тасталынды (18.04.2019 ж. №42 хаттама).

159. Алып тасталынсын.

160. Алып тасталынсын.

161. Алып тасталынсын.

162. Алып тасталынсын.

163-тармаққа - тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгерістер енгізілді (21.04.2011 ж. № 29, 21.04.2017ж. №39, 18.04.2019 ж. №42 хаттама)

163. Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Банк Жарғысына сәйкес Банк өз акционерлерінің төмендегідей құжаттарға қол жеткізуін қамтамасыз етеді:

1) Банк Жарғысы, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
2) Банкті құру туралы шешім, Банкті заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік (анықтама);

3) банк қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияларға және қызметтің белгілі бір түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер (операциялар) жасауға арналған лицензиялардың (рұқсаттардың) өзге де түрлеріне;

4) Банктің өз балансындағы мүлікке құқығын растайтын құжаттар;

5) Банктің бағалы қағаздарын шығару проспекті;

6) Банктің бағалы қағаздарының шығарылымын мемлекеттік тіркеуді растайтын құжаттар, бағалы қағаздардың күшін жою, сондай-ақ уәкілетті органға берілген Банктің бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындысы туралы есептерді бекіту;

7) Банктің филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;

8) Акционерлердің жалпы жиналыстарының хаттамалары, дауыс беру қорытындысы туралы хаттамасы және бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер туралы материалдар;

9) Акционерлердің жалпы жиналысын жүргізу үшін ұсынылған акционерлердің тізімдері;

10) Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларына (сырттай отырыстарының шешімдеріне) және бюллетеньдерге (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдерге), Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, Банктің Жарғысына және мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес акционерлердің құқықтарын қозғайтын Директорлар кеңесінің күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарға;

11) Банк Басқармасы отырыстарының хаттамалары (шешімдері);

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк акционерлеріне ұсынылуға тиіс акционерлердің жалпы жиналысы мен Банктің басқа да органдары бекітетін Банктің ішкі ережелері және құжаттары;

13) Банктің қаржылық есептемесі;

14) Корпоративтік басқару кодексі, оның өзгерістері мен толықтырулары;

15) акционерлердің жалпы жиналысы мен Банктің Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес басқа да құжаттар.

164. Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банк Жарғысына және осы Кодекске сәйкес Банк акционерлеріне ұсынылуға тиіс ақпарат Банк акцияларына депозитарлық қолхат ұстаушыларға депозитарий банкі арқылы беріледі.

§ 2. Банк құжаттарын алу тәртібі

165-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгеріс енгізілді (21.04.2011 ж. № 29, 18.04.2019 ж. №42 хаттама)

165. Акционерлер осы Кодекстің 157-тармағында көрсетілген, коммерциялық немесе басқа да конфиденциалды ақпаратты құрамайтын құжаттарды алу үшін қажетті құжаттардың атауы мен жасалған (жасалуға тиіс) күнін, өзінің мекен-жайын көрсете отырып, Банк Басқармасы Төрағасының атына жазбаша өтініш жазады.

Өтініш, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленгеннен басқа жағдайларда, оның Банкке келіп түскен күнінен күнтізбелік 10 күн ішінде қаралуға тиіс. Осы мерзім өтісімен, Банк өтініш берушіге берілген өтініштің қаралған нәтижесі туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

Банк акционердің талабы бойынша акционерге Жарғының көшірмесін, оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды акционердің жазбаша өтінішін алған мезеттен кейін үш күн ішінде ұсынады.

Банк құжаттар көшірмесін бергені үшін ақы мөлшерін құжаттар көшірмесін дайындауға, құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты кеткен шығын құнынан, сондай-ақ орталық депозитарийдің қызметіне төленетін ақы құнынан аспайтын мөлшерде белгілейді.

166. Банк Басқармасы Төрағасының шешімімен конфиденциалдық сипаттағы және қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын құпиясы бар құжаттарды беру шектелуі мүмкін.

Коммерциялық немесе басқа қорғалатын Банк құпиясы бар қажетті ақпаратты алу үшін Банк акционері:

1) Банк Басқармасының Төрағасына өзі танысқысы келген немесе көшірмесін алғысы келген құжаттардың атауы мен жасалған (жасалуға тиіс) күнін көрсете отырып, жазбаша өтініш береді;

2) Банк Басқармасының Төрағасы акционер сұраған ақпаратты берудің мүмкіндігін, сондай-ақ ұсынылатын құжаттардың түрін (көшірмесі, құжаттың куәландырылған үзіндісі және т.б.) және сұралған ақпаратты ұсынудың нысанын қарастырады. Басқарма Төрағасы сұралған ақпаратты беру жөнінде шешім қабылдаған кезде сәйкес құрылымдық бөлім акционерге құжаттармен танысу мүмкін болатын орын мен мерзімді хабарлайды немесе құжаттардың көшірмелерін (куәландырылған үзінділер және т.б.) дайындауға кететін шығыс сомасын, акционерге жіберу немесе жеткізу, сондай-ақ акционер аталған шығыстардың құнын төлеу үшін деректемелерді хабарлайды;

3) Банктің пошталық шығыстары мен құжаттарының көшірмелерін дайындау шығыстарын төлеуге ақша алған және акционердің банктік, коммерциялық және қызметтік құпияны жарияламау туралы Міндеттемеге қол қойған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Банк сұралған құжаттардың көшірмелерін (олардың куәландырылған көшірмелерін) тапсырыс хатпен жібереді немесе акционердің өзіне табыс етеді.

Акционер жоғарыда аталған міндеттемеге қол қоймаған жағдайда Банк сұралған ақпаратты (құжаттарды) ұсынбайды.

167. Банк Басқармасының Төрағасы акционерге ақпарат беруден бас тартқан шешім қабылдаған жағдайда тиісті құрылымдық бөлімше акционерге бас тартудың себептері көрсетілген хабарлама жібереді.

168. Жылдық жалпы жиналысты өткізуге дайындық барысында акционерлерге (олардың өкілдеріне) жалпы жиналыстың қатысушылары ретінде тіркелген сәтте осы Кодекстің 3-тарауында қарастырылған тәртіппен акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мекен-жайға материалдар жіберіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен 3-параграфпен толықтырылды (21.04.2011 ж. № 29 хаттама)

§ 3. Корпоративтік басқару туралы есепті ұсыну

168-1. Банкке қолданылатын Ақпаратты ашу ережелеріне және Листинг ережелеріне сәйкес болуы мақсатында, Банктің бағалы қағаздарының халықаралық қор биржаларындағы сауда-саттыққа рұқсатының болуына байланысты, Банк жылдық есепке корпоративтік басқару туралы есепті қосады, нақты алғанда онда мынадай ақпарат ашып көрсетілуі мүмкін:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында ескерілген корпоративтік басқаруға қойылатын талаптардан басқа, Банкте қосымша қолданыста болатын корпоративтік басқарудың барлық тәжірибелері туралы;

- Банктің Директорлар кеңесінің, Басқармасының және бақылау органдары мен олардың комитеттерінің құрамы мен функциялары туралы;

- қаржылық есептемені құру процестеріне қатысты ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелері туралы.

Банк корпоративтік басқару туралы есепке өзге де ақпаратты қосуға құқылы.

168-2. Корпоративтік басқару туралы есепті ұсыну тәртібі және оның мазмұны Ақпаратты ашу ережелерінде, Листинг ережелерінде және Банктің ішкі құжаттарында белгіленеді.

8-тарау. Банктің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру, оларға тәуелсіз бағалау жасау

§ 1. Тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру

169-тармаққа Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді (от 5.12.2014 ж. № 35 хаттама).

169. Тәуекелдерді басқаруда Банк сәйкестендіру, бағалау, бақылау және мониторинг тәсілдерін қолдануды қарастыратын тиісті тәуекелдерді басқару жүйесін жасайды.

Банктегі тәуекелдерді басқару жүйесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген талаптарға сәйкес келуді қарастырады.

Банктің Директорлар кеңесі, Банк Басқармасы, өзге де органдары мен құрылымдық бөлімшелері өз қызметтерін іске асырғанда тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін құру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актінің талаптарына сәйкес жүктелген міндеттерді тиімді орындау мақсатында Директорлар кеңесі Банктің уәкілетті алқалы органдары арқылы тәуекелдерді басқару, аудит, Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарын орындау мәселелеріне мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес 169-1 тармағымен толықтырылды (18.04.2019 ж. №42).

169-1. Уәкілетті орган тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалауды жүзеге асырады.

§ 2. Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру

170. Директорлар кеңесі акционерлердің инвестициялары мен Банк активтерін қорғау мақсатында ішкі бақылау жүйесінің болуын қамтамасыз етеді.

Банктің ішкі бақылау жүйесі мына мақсаттарды жүзеге асыру үшін жасалады:

1) Банктің операциялық және қаржылық қызметінің тиімділігі, бұл Банк активтерін басқарудың тиімділігін және пайдалылығын тексеруді әрі мүмкін болатын шығындарды анықтауды білдіреді;

2) қаржылық және басқару ақпаратының сенімділігі, толыққандығы әрі уақытында берілуі. Бұл мақсат Банкте түрлі шешімдер қабылдау үшін пайдаланылатын қаржылық есептеменің, өзге қаржы құжаттарының сенімді әрі сапалы жасалуын тексеруді қарастырады;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау, бұған сәйкес Банктің заңнама талаптарын, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ Банктің ішкі саясат пен рәсімдерді айқындайтын құжаттар талабын орындауын тексеру қарастырылады.

Ішкі бақылау жүйесін құруды және оның тиімді жұмыс істеуін Банк барлық шаруашылық операцияларының жүргізілу тәртібіне күн сайын ішкі бақылау жасау арқылы қамтамасыз етеді. Күн сайынғы ішкі бақылау жүргізу жауапкершілігі Банктің тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.

172. Банктің ішкі бақылау жүйесінің тиісінше әрі тиімді жұмыс істеуін бағалауды Ішкі аудит қызметі, сондай-ақ тәуелсіз аудиторлық ұйым жүзеге асырады.

§ 3. Ішкі аудит қызметі

173. Ішкі аудит қызметі - Банк бөлімшелерінің қызметін объективті бағалайтын, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөнінде баға беретін және ұсыныс жасайтын Банк бөлімшелері.

174. Ішкі аудит қызметінің міндеттеріне мына мәселелерді қарастыру және талқылау жатады:

1) ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуі;

2) ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы Директорлар кеңесі үшін есеп әзірлеу;

3) ағымдағы жылда ішкі және сыртқы аудитке ұшырауға тиіс Банк операцияларындағы тәуекелдер саласы;

4) менеджмент пен сыртқы пайдаланушыларға ұсынылатын қаржылық ақпараттың сенімділігі мен дәлдігі;

5) Банктің құқықтық нормативтік актілерді, ішкі қағидаларды, Банк Жарғысының баптарын, сондай-ақ Директорлар кеңесі бекіткен ішкі ережелерді орындауы.

175. Ішкі аудит қызметі Банктің күн сайынғы жұмысынан тәуелсіз болады және Банкте жүргізілетін, оның ішінде Банк филиалдары мен еншілес ұйымдарында жүргізілетін операциялардың барлық түріне қол жеткізе алады. Банктің Ішкі аудит қызметі аудитке ұшырайтын қызметтен және күн сайынғы ішкі бақылау рәсімінен тәуелсіз.

176. Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитеті Ішкі аудит қызметінің жұмысын бақылайды. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін тағайындау тәртібі, Ішкі аудит қызметінің құрылымы мен құрамы, оның қызметкерлеріне қойылатын талаптар Директорлар кеңесі бекітетін Банктің ішкі ережелерімен анықталған.

177. Банк жүргізген операциялар туралы Ішкі аудит қызметіне берілетін ақпарат пен материалдар тізбесі және оларды беру тәртібі, сондай-ақ ақпаратты бермегені үшін Банк қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларға жүктелетін жауапкершілік Банктің тиісті ішкі ережелерімен белгіленеді.

178. Ішкі аудит қызметі сыртқы аудитордың кандидатурасын алдын ала іріктеуді өзі дербес немесе Банктің жұмыс тобымен бірге жүргізеді. Сыртқы аудиторды таңдау жөніндегі ұсыныс Банктің Директорлар кеңесіне қарауға беріледі.

§ 3. Сыртқы аудит

179. Бухгалтерлік есеп пен есептеменің, Банк қызметі туралы бастапқы құжаттардың және өзге де ақпараттың аудитін аудиторлық қызмет туралы заңнамаға сәйкес аудит жүргізу құқығы бар әрі Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сай келетін аудиторлық ұйым жүзеге асырады.

180-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді (5.12.2014 ж. № 35 хаттама).

180. Аудит жөніндегі комитет Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған талаптарды ескере отырып, аудиторлық ұйымды тағайындау, қайта сайлау және оның өкілеттігін тоқтату бойынша ұсыныс жасайды, **сонымен бірге бағалауды және сыртқы аудитормен шарт талаптарының талдауын жүзеге асырады**. Егер Директорлар кеңесі Аудит жөніндегі комитеттің ұсыныстарын қабылдамайтын болса, аталған комитет өз ұсынысын жылдық есепке, сондай-ақ аудиторды сайлау және қайта сайлау бойынша ұсыныстарды қосып, ұсыныстарды негіздемеу туралы өтінішпен бірге өзге құжаттарға енгізе алады; Директорлар кеңесі өзінің қарсылық білдіретін айқындама ұстану себебін атап көрсетуге тиіс.

Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысында Банк аудиторын бекітуді қамтамасыз ету үшін қажетті шаралардың барлығын қолданады.

9-тарау. Дивидендтер

181-тармақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес толықтырылды (2012 жылғы 06 желтоқсандағы № 31 хаттама)

181. Дивидендтер акционерлік қоғамдардың өмір сүруі мен дамуының ажыратылмас бөлігі болып табылады. Қаржылық жағдайды жақсартумен қатар дивиденд саясатын оңтайландыру Банктің жалпы қаржылық даму стратегиясының негізгі көздерінің бірі, инвестициялық тартымдылықты арттыру құралы және Банктің инвесторлар үшін әл-ауқатының көрсеткіші болып табылады. Сауатты дивиденд саясаты және инвесторлардың мейлінше хабардарлығы Банктің ұзақ мерзімді дамуының негізгі факторы болып табылады.

Банктің акциялары бойынша дивиденд төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банк Жарғысында, Банк акциялары шығарылымының проспектісінде және Банктің Дивидендік саясатында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Айқын және Банк акционерлеріне түсінікті болатын дивидендті төлеу туралы шешім қабылдау, оның мөлшерін белгілеу механизмі мен тәртібін, оны төлеу тәртібі мен мерзімдерін орнату мақсатында Банктің Директорлар кеңесі Банктік Дивидендік саясатын бекітеді.

182-тармақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жаңа редакцияда берілді (18.04.2019 ж. №42 хаттама).

182-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгеріс енгізілді (21.04.2011 ж. № 29 хаттама)

182. Дивидендік саясаттың негізгі мақсаты мыналарды қамтамасыз ету арқылы өз акционерлерінің әл-ауқатының өсуіне көмек беру болып табылады:

1) Банк акциялары бойынша дивидендтердің біртіндеп өсуі.

Банк осы мақсатты іске асыру үшін Банктің таза кірісінің (пайдасының) біртіндеп өсуін қамтамасыз етуге тырысады, бұл Банктің таза кірісін (пайдасын) осы мақсаттарға бағыттау арқылы төленетін дивидендтердің мөлшерін біртіндеп арттыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

2) Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді кепілді алуға акционерлердің құқықтарын сақтау.

Банк осы мақсатты іске асыру мақсатында Банк Жарғысында белгіленген Банктің артықшылықты акциялары бойынша кепілді дивидендті төлеуді қамтамасыз ету тетігін әзірледі, ол акционерлерге дивидендтер есептелгеннен кейін қалған Банктің пайдасын көруге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, Банк резервтік капиталды қалыптастырды, оның қаражаты банктің табысы

болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеуге бағытталуы мүмкін;

3) акционерлердің дивидендтерді уақтылы және толық алуы үшін қажетті жағдайлар жасау.

Банк акционерлерінің жалпы жиналысында жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуді бастау күнін, акционерлер жай акциялар бойынша дивидендтер ала алатын орынды, жай акциялар бойынша тиесілі дивидендтердің мөлшерін және қажет болған жағдайда басқа да параметрлерді анықтау жолымен акционерлердің жай акциялар бойынша дивидендтерді уақтылы және толық алуы үшін Банк қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу мерзімі басталғанға дейін бес жұмыс күні ішінде Банк қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында мынадай мәліметтерді көрсете отырып, дивидендтерді төлеу туралы ақпаратты қазақ және орыс тілдерінде жариялауға міндетті:

- 1) Банктің атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) дивидендтерді төлеуді бастау күні;
- 4) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны;
- 5) банктің бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері.

§ 1. Банк акциялары бойынша дивиденд төлеу тәртібі

183-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгеріс енгізілді (18.04.2019 ж. №42 хаттама).

183. Қарапайым акциялар бойынша дивиденд төлеу және артықшылықты акциялар бойынша кепілді мөлшерден асырып дивиденд төлеу туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы есепті жылдың қорытындысы бойынша Банктің табысы мүмкіндік берген жағдайда қабылдайды.

Банктің қарапайым акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешімін банк акционерлерінің жалпы жиналысы дауыс беруге қатысушы жалпы акцияларының қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

Банктің артықшылықты акциялары бойынша Банк Жарғысы бекіткен кепілді дивиденд мөлшерін төлеу акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешім қабылдауын қажет етпейді және Банк Жарғысында көзделген тәртіп пен мерзімде жүзеге асырылады.

184-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгеріс енгізілді (21.04.2011 ж. № 29 хаттама)

184. Банк акционердің жазбаша келісімі болған кезде Банк акциялары бойынша дивидендті бағалы қағаздармен жүзеге асырады: Банктің жарияланған акциялары немесе Банк шығарған облигациялар. Акционерлердің жалпы жиналысының қарапайым акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешімінде банктің аталған бағалы қағаздармен дивиденд төлеу мүмкіндігі көрсетілуге тиіс.

Банктің артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивиденд төлеу рұқсат етілмейді.

185. Банк ішінара ақшамен, ішінара бағалы қағаздармен, сондай-ақ әртүрлі бағалы қағаздармен (ішінара жарияланған акциялармен және ішінара шығарылған облигациялармен) төлеуді көздейтін аралас тәсілмен дивиденд төлеуге құқылы.

186-тармаққа акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгеріс енгізілді (21.04.2011 ж. № 29, 22.04.2016ж. №37 хаттама)

186. дивиденд алуға құқығы бар Банк акционерлерінің тізімі Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіппен құрастырылуға тиіс.

Банк орналастырмаған немесе сатып алмаған акциялар бойынша, сондай-ақ сот немесе Банк акционердерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаған болса, Банк дивиденд есептеуді және төлеуді жүргізбейді.

Банктің қарапайым және артықшылықты акциялар бойынша төмендегідей жағдайларда дивиденд төлеуге құқығы жоқ:

- 1) Банктің меншікті капиталы теріс мәнге ие болғанда немесе Банктің меншікті капиталының мөлшері Банк акциялары бойынша дивиденд есептеу нәтижесінде теріс болса;
- 2) Егер Банк Қазақстан Республикасының сауықтыру және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем жасауға қабілетсіз немесе дәрменсіз болса немесе мұндай белгілер Банкте акциялар бойынша дивиденд төлеу нәтижесінде пайда болса;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда.

Банк, олардың шығарылуы проспектісінде Банк Басқармасының, егер акциялар бойынша дивиденд есептеу пруденциалдық нормативтердің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мағыналардан төмен төмендеуіне әкеп соқтыратын жағдайда, артықшылықты акциялар бойынша дивидендті есептемеу құқығы қарастырылатын артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы.

187. Акционер Банктің берешегі пайда болған мерзімге қарамастан алмаған дивидендті талап етуге құқылы, дивиденд осы Кодекстің 186-тармағының негіздемелері бойынша есептелмеген жағдайларды есепке алмай. Банк кінәсінен дивиденд уақытында төленбеген жағдайда Банк акционеріне тиесілі дивиденд сомасы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындаған күнгі қайта қаржыландыру ресми ставкасымен есептелген өсімақы төленеді.

188. Банкте жылдың қорытындысы бойынша жеткілікті табыс болған кезде және Банктің есепті жылдағы акционерлердің жалпы жиналысы сайлаған аудиторлық ұйым растаған қаржылық есептемесі негізінде, сондай-ақ Банк акционерлерінің Банк табысына қатысу құқығын қамтамасыз ету мақсатында Банк Басқармасы акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне Банктің қарапайым акциялары бойынша дивиденд төлеу мәселесін енгізу туралы Банктің Директорлар кеңесіне қолдау хат беру туралы шешім қабылдауға құқылы. Банк Басқармасы қолдау хатқа Банктің Директорлар кеңесі үшін түсіндірме хатты қоса тіркейді, онда Банктің қарапайым акциялары бойынша дивиденд төлеу мүмкіндігі мен Банктің бір акциясына есептелген дивиденд есебі болады.

189. Дивиденд ретінде төлеуге ұсынылған Банк табысының мөлшерін анықтау және бір қарапайым акцияның дивиденд есебі осы Кодекстің 186-тармағының талаптарын ескеріп жүргізілуіне тиіс.

190. Банктің Директорлар кеңесіне қарапайым акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы ұсыныс жасаған кезде Банк Басқармасы ең алдымен Банктің есепті жылдағы табыс мөлшерін ескереді. Бұл табыс мұндай төлемді орындағаннан кейін де жыл аяғына болжанған Банк активінің өсімі кезінде бір жыл бойы екінші деңгейлі банктер үшін уәкілетті орган белгілеген пруденциалдық нормативтерді сақтау үшін, сондай-ақ банктің басқа қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы қажет.

191. Банк Басқармасының қолдау хатын қарастырып, Директорлар кеңесі төмендегідей шешімдердің бірін қабылдауға құқылы:

1) Басқарманың қолдау хатын қанағаттандыру және акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне Банктің қарапайым акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы мәселені енгізу;

2) Банктің қарапайым акциялары бойынша дивиденд төлеуге ұсынылған табыстың жалпы сомасының мөлшерін және Банктің бір қарапайым акциясына дивиденд мөлшерін қайта қарастыра отырып, Басқарманың қолдау хатын қанағаттандыру;

4) Басқарма қолдау хатын қанағаттандырудан бас тарту.

192. Банктің қарапайым және артықшылықты акциялары бойынша кепілді мөлшерден жоғары дивиденд төлеу туралы түпкілікті шешім және бір қарапайым акцияның дивиденд мөлшерін және Банктің артықшылықты акциясына кепілдіктен жоғары дивиденд мөлшерін Банк акционерлерінің жалпы жиналысы анықтайды.

Банктің қарапайым акцияларына дивиденд төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда қарапайым акциялар бойынша дивиденд мөлшері осы Кодекстің 193-тармағының талаптарын ескеру арқылы белгіленуге тиіс.

Жыл қорытындысы бойынша қаржылық нәтижелерді ескере отырып, Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің қарапайым акциялары бойынша дивиденд төлеудің орынды болмайтындығы (мақсатқа сай келмейтіндігі) туралы шешім қабылдауға құқылы.

193. Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивиденд мөлшері Банктің қарапайым акциялары бойынша есептелетін дивиденд мөлшерінен кем болмауға тиіс. Банктің қарапайым акциялары бойынша дивиденд мөлшері артықшылықты акциялар бойынша кепілді дивиденд мөлшерінен асып кеткен жағдайда Банк қарапайым және артықшылықты акциялары бойынша төленетін дивиденд сомасын теңестіру мақсатында артықшылықты акциялар бойынша дивидендті толықтырып есептеуге міндетті.

194. Банктің Директорлар кеңесі Банктің артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеуді бастау күнін белгілейді.

195-тармақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен алып тасталынды (18.04.2019 г. № 42 хаттама).

195. Алып тасталынды.

196-тармақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жаңа редакцияда берілді (18.04.2019 г. № 42 хаттама).

196. Дивидендтерді төлеу акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуы тиіс.

Банкте немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде жүзеге асырылуы тиіс².

§2. Дивидендті бағалы қағаздармен төлеу

197. Дивидендті бағалы қағаздармен алғысы келетін Банк акционері, **Банктің артықшылықты акциясына ие болған акционерден басқа**, осы ниетін баяндай отырып, Банкке тиісті жазбаша өтініш жазуға тиіс.

198. Дивиденд түрінде төленетін бағалы қағаздардың есебі акционерлердің жалпы жиналысы белгілеген бір акцияның (жай акциялар бойынша) дивиденд мөлшеріне қарай және Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар бойынша табысқа салынатын салықты ескеріп шығарылады.

199. Банк акционерлерінің дивиденд ретінде алуға мәлімдеген бағалы қағаздарының саны Банктің иелігіндегі бағалы қағаздар санынан асып кеткен жағдайда акционерлерге дивиденд оларға тиесілі Банк акцияларына пропорционал түрде жүзеге асады. Бағалы қағаздармен төленбеген дивидендтің бір бөлігі ақшамен төленеді.

200. Дивиденд түрінде төленетін бағалы қағаздарды акционерлердің жеке шоттарына аудару Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіппен жүзеге асырылады.

§ 3. Дивиденд саясаты және дивиденд есебін шығару тәртібі саласындағы Банктің стратегиясы

201. Банктің барлық акциялары бойынша дивиденд төлеу сомасының мөлшері Банктің инвестициялық мүмкіндіктерін жүзеге асыруды толық қамтамасыз ететін меншікті қаржы ресурстарын құрастырудағы Банк қажеттілігінің барлық есебі жүзеге асырылғаннан кейін Банктің таза пайдасы есебінен анықталады.

Банк Басқармасы жыл сайын қарапайым акция ұстаушыларға дивиденд төлеуді көздейді. Бұл үшін жыл аяғына болжанған Банк активі өскен жағдайда, бір жыл бойы екінші деңгейлі банктер үшін уәкілетті орган белгілеген пруденциалдық нормативтерді сақтау үшін, сондай-ақ банктің басқа қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жеткілікті Банктің таза табысының қанағаттанарлық деңгейіне қол жеткізілуі тиіс.

202. Егер қолда бар инвестициялық жобалар бойынша табыстың ішкі ставкасының деңгейі капиталдың орташа безбенделген құнынан асып кетсе, онда таза табыстың негізгі бөлігі осындай жобаларды жүзеге асыруға бағытталуға тиіс. Осындай инвестициялар арқылы Банк Басқармасы Банк құнының өсіміне қол жеткізе отырып, акционерлерге пайда әкелуді көздейді.

§ 4. Дивидендтерді төлемегені немесе уақытында төлемегені үшін жауапкершілік

204. Дивиденд төлеуді 10 жұмыс күнінен асатын мерзімге кешіктірген жағдайда Банк Басқармасының Төрағасы бұл жөнінде барлық директорларды хабардар етуге тиіс, дивиденд төлеуді кешіктіру себептері мен оларды жою бойынша қабылданып жатқан шараларды баяндауы қажет.

Банктің Директорлар кеңесі Банк Басқармасының Төрағасы мен басқа да Банк Басқармасы мүшелерін акционерлердің жалпы жиналысының дивиденд төлеу мәселесі бойынша шешімін тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдауға құқылы.

² 2019 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

10 -тарау. Корпорациялық жанжалдарды реттеу

205. Банктің жақсы іскерлік беделін сақтаудың маңыздылығын және корпорациялық жанжалдардың мүлдем қажетсіздігін ескере отырып, Банк өзі үшін осындай корпорациялық жанжалдардың алдын алу және реттеу тетігін жасауды қажет деп санайды.

§ 1. Жалпы қағидалар

206. Банк акционердің Банк қызметіне қатысуына байланысты пайда болған Банк акционері мен Банк органы арасындағы кез келген дау мен келіспеушілікті немесе акционерлер арасындағы Банк мүддесіне тиетін немесе тиюі мүмкін болатын даулар мен келіспеушілікті осы Кодекс шеңберіндегі жанжал деп мойындайды.

207. Корпорациялық жанжал пайда болған жағдайда, Банк өте қысқа мерзімде осы пайда болған жанжал жөнінде өз айқындамасын анықтайды, тиісті шешім қабылдайды және оны акционерлерге хабарлайды.

Банк өз айқындамасын анықтау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына және Банк мүддесі мен барлық акционерлер мүдделерінің дұрыс үйлесуін қамтамасыз етуге сүйенеді.

208. Қажет болған жағдайда Банк жанжал тарабына, сотқа, уәкілетті орган мен басқа да мемлекеттік органдарға пайда болған жанжал бойынша істің нақты жағдайын анықтау үшін және оны Банк Жарғысы, осы Кодекс және Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған тәртіппен реттеу бойынша шешім қабылдау үшін қажетті ақпарат ұсынады.

209. Банк пайда болған корпорациялық жанжалды реттеу үшін өзіне байланысты барлық шараларды қолдануға және акционерлердің өз құқықтарын қорғау мен жүзеге асыруын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Акционердің өтінішін қанағаттандырудан амалсыз бас тартқан жағдайда, Банк қолданыстағы заңнама қағидаларына қатал сүйенуге міндеттенеді.

210. Банк органдарының корпорациялық жанжалдарды қарау бойынша құзыреті, корпорациялық жанжал мәселесінің Банктің қай органының құзыретіне жататынына байланысты шектеледі.

211. Акционерлер арасында Банк мүддесіне тиюі мүмкін болатын корпорациялық жанжал пайда болған жағдайда, Банк осы жанжалды реттеу процесіне делдал ретінде қатысу үшін жанжал тараптарына жүгінуге құқылы. Сонымен қатар, Банк өзін кеңесші ретінде ұсынуға және тараптарға қажетті ақпарат пен құжаттар, қолданыстағы заңнама, Банктің ішкі құжаттарының ережелері бойынша кеңестер беруге құқылы.

§ 2. Корпорациялық жанжал бойынша Банк айқындамасын анықтау тәртібі

212. Корпорациялық жанжал пайда болғанда немесе осындай жанжалдың пайда болуына әкеп соқтыратын жағдай болғанда, тиісті құрылымдық бөлімшелер осы мәселені Банк айқындамасын анықтау және негізделген шешім қабылдау үшін қажетті құжаттар мен түсініктемелерді қоса отырып, 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Банк Басқармасының қарауына ұсынады.

213. Егер корпорациялық жанжал пайда болған немесе пайда болуы мүмкін болатын мәселе Банк Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын болса, Банк Басқармасы осы мәселе бойынша тиісті құжаттарды қарап және өз айқындамасын тұжырымдап, Банктің Директорлар кеңесінің алдында Банк айқындамасын бекіту туралы өтініш жасайды.

214. Банк Директорлар кеңесі Басқарма өтінішін қарағаннан кейін келесі шешімдердің біреуін қабылдауға құқылы:

1) Басқарма ұсынған Банк айқындамасын бекіту;

2) Басқарма ұсынған Банк айқындамасын бекітуден бас тарту және корпорациялық жанжал бойынша Банктің басқа айқындамасын белгілеу.

215. Корпорациялық жанжалға қатысты Банк айқындамасын анықтау бойынша мәселе қаралған кезде:

1) жанжал тарабы;

2) жанжал тарабының үлестес тұлғасы

болып табылатын Басқарма мен Банк Директорлар кеңесінің мүшелері қатыспауға тиіс.

216. Корпорациялық жанжалға қатысты Банк айқындамасы жанжал тарабы (тараптары) болып табылатын Банк акционерлеріне аталған айқындама анықталған күннен кейін 3 жұмыс күні ішінде хабарлануы тиіс.

217. Банк жанжал тарабы болған жағдайда, Банк Басқармасы немесе Банк Директорлар кеңесі корпорациялық жанжал мәселесі бойынша Банк айқындамасын анықтаумен бірге Банктің жанжалды реттеу бойынша әрекеттерінің тізбесін бекітеді.

Корпорациялық жанжалдың тараптары болып табылатын акционерлердің келісімімен Басқарма және (немесе) Директорлар кеңесі (мүшелері) акционерлер арасындағы келіссөзге қатысуға, қарамағында бар және жанжалға қатысты ақпараттар мен құжаттарды акционерлерге ұсынуға, Қазақстан Республикасының заңнама нормалары мен Банктің ішкі ережелер қағидаларын түсіндіруге, акционерлерге кеңестер және ұсыныстар беруге, акционерлердің қол қоюы үшін жанжалды реттеу туралы құжаттар пакетін дайындауға және Банк атынан өз құзыреті шегінде жанжалды реттеуге мүмкіндік беретін мөлшерде акционерлер алдында міндеттемелер қабылдауға мүмкіндіктері бар.

218. Корпорациялық жанжалды реттеу әрекеттерінің нәтижелері бойынша Банк жанжалды реттеу туралы келісімге қол қоюға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес 10-1-тараумен толықтырылды (22.05.2020 ж. №43 хаттама).

10-1-тарау. Мүдделер қайшылығын басқару бойынша рәсімдер және оны жүзеге асыру тетіктері, сондай-ақ орындалуын бақылау

218-1. Банк қызметінде мүдделер қайшылығын барынша азайту рәсімінің тетігі Директорлар кеңесі бекітетін Банктің жекелеген ішкі нормативтік құжаттарымен («Қазақстан Халық Банкі» АҚ-та мүдделер қайшылығын реттеу саясаты) реттеледі.

218-2. Директорлар кеңесінің келісімімен Директорлар кеңесінің мүшелері, соның ішінде тәуелсіз Директорлар «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереженің 6-бөлімінің және Қазақстан Республикасының қолданылатын заңнамасының талаптарына сәйкес басқа заңды тұлғалардың органдарына тағайындала немесе сайлана алады және оларда лауазымды тұлға қызметін атқара алады.

218-3. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің мүшелері мен Банк арасында мүдделер қайшылығына әкеп соқтыратын немесе оның пайда болуына әлеуетті тұрғыдан әкеп соқтыруы мүмкін іс-әрекеттерден тартынуы керек, ал мұндай мүдделер қайшылығы болған немесе пайда болған жағдайда – ол туралы ақпаратты Директорлар кеңесіне ашып көрсетуі және іс-әрекеттер жасаудың тәртібін сақтау үшін шаралар қолдануы керек.

218-4. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесін мүдделілік бар мәмілені жасауға, сондай-ақ ол бекітіп қойған мәмілелер туралы ақпаратты ақпарат ашу үшін заңнамада белгіленген тәртіпте ашуға ниетті екені туралы жазбаша хабардар етеді.

218-5. Директорлар кеңесінің мүшесі шешім қабылдау кезінде олар бойынша мүдделер қайшылығы байқалатын мәселелер бойынша дауыс беруге қатыспайды. Бұл ретте Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесіне мүдделер қайшылығының болу дерегін, сондай-ақ оның пайда болу негіздемесін Директорлар кеңесінің отырысын жүзбе-жүз өткізетін кезде ауызша немесе сырттай дауыс беру нысанында шешім қабылдайтын кезде тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы ашып көрсетеді.

218-6. Директорлар кеңесі осы Кодекске және Банктің ішкі қағидаларына сәйкес, акционерлер мен органдар, Банктің лауазымды тұлғалары мен акционерлер арасында туындайтын мүдделер қайшылығын анықтау және реттеу жүйесінің жасалуын қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесі лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде ықтимал мүдделер қайшылығын, соның ішінде мүдделілік бар мәмілелер жасау кезінде Банк меншігінің заңсыз пайдаланылуын және теріс пайдаланылуын қадағалайды және мүмкіндігінше жойып отырады.

218-7. Мүдделер қайшылығын басқару рәсімі ережелерінің бұзылуына Директорлар кеңесінің әрекет ету тетігі осы Кодекстің 10-тарауының ережелерімен және Банктің басқа да ішкі қағидаларымен реттеледі.

218-8. Банк қызметкерлері Банк қызметіне қатысты бұзушылықтар туралы, байланыс деректері Банктің ресми корпоративтік сайтында орналастырылған «сенім телефоны» пайдалану арқылы конфиденциалды негізде хабарлауға құқылы.

218-9. Банк қызметкерлері Банк қызметіне қатысты бұзушылықтар туралы «сенім телефоны» пайдалану арқылы конфиденциалды хабарлайтын рәсімдер Банк Басқармасы бекітетін Банктің ішкі нормативтік құжаттарында реттеледі.

11-тарау. Қорытынды қағидалар

219. Осы Кодекс Банк акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен сәттен өз күшіне енеді.

220. Банк акционерлері, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері осы Кодекс қағидаларын орындауға міндетті.

221. Осы Кодекс қағидаларын бұзған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес 222-тармағымен толықтырылды (18.04.2019 г. №42 хаттама).

222. Егер осы Кодекстің бір немесе бірнеше тармақтары заңнаманың және (немесе) Жарғының өзгеруі салдарынан қолданылмайтын (жарамсыз) болса, онда бұл осы Кодекстің қалған тармақтарын қозғамайды және олар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банк Жарғысына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.
